zangazet@mail.ru

№84 (3409) 22 қазан 2021

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ЖАҚСАРАДЫ

Республикалық бюджеттің алдағы үш жылда әлеуметтік бағыты сақталады. Тіпті, 2022–2024 жылдары әлеуметтік сала шығыстары бұрынғыдан 50,8 пайызға дейін өсіп, жалпы көлемі 26,7 трлн теңгеге жетпек. Шығыстар көлемінің көп бөлігі азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру мен оларға көмек көрсетуге арналады. Мәселен, денсаулық сақтау жүйесін дамытуға арналған шығыстар 2022–2024 жылдары 5,7 трлн. теңгені, оның ішінде 2022 жылға 1,8 трлн теңге болады. Осы қаражат шеңберінде медицина қызметкерлерінің еңбекақысын ұлғайту көзделіп отыр. Білім және ғылым жүйесінің де қоржыны толығатын сияқты. Алдағы үш жылда бұл саланың еншісіне 7 трлн теңге тиетін болса, оның ішінде 1,8 трлн теңге тек 2022 жылға бөлінбекші. Бұл биыл қарастырылған қаражаттан 477,1 млрд теңгеге артық. Білім беру ұйымдары педагогтары мен медицина қызметкерлерінің еңбекақысын көтеруге 4,3 трлн. бөлінгенде, олардың жалақылары 20 пайызға артады екен. Бұл жөнінде осы сәрсенбіде өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында белгілі болды. Онда «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасы қаралған болатын.

(Соңы 3-бетте)

ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ БЕЛГІЛЕНБЕК

3-бет

МАКС, СЕНІМЕН МӘҢГІ БІРГЕМІН...

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Рахила МҰХАМБЕТҚАЛИЕВА, *отставкадағы судья:*

«ЕЛ СЕНІМІ – БИІК МӘРТЕБЕ»

– Рахила Советқызы, сот жүйесінде 30 жылдан астам жұмыс істепсіз. Бұл аз уақыт емес. Еңбек жолыңыз қалай басталып еді?

– 1985 жылы Саратов заң институтын аяқтадым. Сот жүйесіндегі қызметтік жолым 1986 жылы Ақтөбе қаласының Пролетар аудандық халық сотында сот отырысының хатшысы қызметінен басталды. Екі жылдан соң, 1987 жылдың 21 маусымында Ақтөбе облысы, Шалқар аудандық халық сотына халық судьясы лауазымына сайландым. Ол кезде мен 26 жаста едім.

Шалқар аудандық сотында 10 жылға жуық уақыт судьялық қызмет атқардым. Ол кезде аудандық соттың төрағасы Б.Тайгужиев болатын.

(Соңы 5-бетте)

ТҮЙТКІЛ

«ҚАБЫРҒАСЫ СЫНСА ДА, ШАҒЫМДАНБАЙДЫ»

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ЖАПА ШЕККЕНДЕР САНЫ КӨБЕЙДІ. КҮН САЙЫН ПОЛИЦИЯҒА ОТБАСЫНДА ҚОРЛЫҚ КӨРГЕНІН АЙТЫП, ОНДАҒАН АДАМ ҚОҢЫРАУ ШАЛАДЫ. ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЛАРЫ ОТБАСЫЛЫҚ ЖАНЖАЛҒА ҚАТЫСТЫ 3,5 МЫҢНАН АСТАМ ҚОРҒАУ НҰСҚАМАСЫН ШЫҒАРҒАН. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ПД ЖПҚБ ЕРЕКШЕ ТАПСЫРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ АҒА ИНСПЕКТОРЫ НҰРЛЫБЕК СУЕНТАЕВТЫҢ АЙТУЫНША, ӨҢІРДЕ ҮШ ЖАРЫМ МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТҚА ӘЙЕЛДЕРГЕ, ҚАРТТАР МЕН БАЛАЛАРҒА ЖАҚЫНДАУҒА, ҚОРЛАУҒА, ҚОҢЫРАУ ШАЛУҒА, КҮШ КӨРСЕТУГЕ, ТҮРЛІ ДЕНЕ ЖАРАҚАТТАРЫН КЕЛТІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН. ҚОРҒАУ НҰСҚАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН 157 АДАМ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ.

– Шын мәнінде, отбасылық зорлық-зомбылық статистикасы әлдеқайда жоғары. Көбіне адамдар полицияға негізінен маскүнемдікке негізделген зорлық-зомбылық фактілері бойынша ғана шағымданады. Көптеген шаңырақтағы психологиялық және физикалық зорлық-зомбылық жабық, жасырын күйде қалады. Тіпті, кейбір әйелдер қабырғасы сынса да, өзін таяққа жыққан адамды айтпайды. Осының нәтижесінде жазаланбаған азамат одан да ауыр қылмыстарға барып жатады, – дейді Нұрлыбек Суентаев.

Биыл отбасылық-тұрмыстық құқықбұзушылық бойынша 1300-ден астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Полицейлер мұндай қылмыстың алдын алу үшін қоғамдық орындарда алкогольді ішімдіктерді ішуге жол бермеу керек деп есептейді. Бүгінгі күні учаскелік полиция инспекторлары спирттік ішімдіктерді ішкені және қоғамдық орындарда мас күйінде жүргені үшін 7 мың азаматты жауапқа тартып, 143 маскүнемді арнайы емдеу-профилактикалық мекемесіне жіберген. Бұдан бөлек 21 жасқа толмаған азаматтарға алкоголь өнімдерін сатудың 135 фактісінің жолы кесілді.

– Азаматтарға былапыт сөздер айту, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру, олардың тыныштығын бұзу, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер әкімшілік жауаптылыққа, яғни тұтқындауға әкеп соғатын құқықбұзушылық екенін еске салғым келеді. Сондықтан, егер сіз тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегіп, шағымданбай жүрген адамды білсеңіз, оған учаскелік полиция инспекторына жүгіну керектігін айтыңыз. Үнсіздік ауыр қылмысты тудыруы мүмкін. Өкінішке орай, мұндай фактілер бар, – дейді полиция қызметкері.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ ЕСЕБІНЕН ЖАБУ ДҰРЫС ПА?

ОЙТАЛҚЫ

Ә́зімхан САТЫБАЛДИН, ***ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі:***

– Бюджет тапшылығын жабудың екі-ақ жолы бар. Біріншісі – бюджетке түсетін табысты ұлғайту. Өндірісті жүргізіп, өндірілген өнімді өңдеп. экспортқа шығаратын болса. қымбатырақ сатылады. Өңделмеген өнім шикізат ретінде арзан бағаланады. Неғұрлым өндіріс дамып, өнімді көп өндірсе, оны сату арқылы бюджет кірісі ұлғаяды. Екіншісі, Ұлттық қордың қандай мақсатпен құрғанымызға қарау керек. Ол кезде біз, қателеспесем, бұл болашақ ұрпақтың қоры деп айттық. Қазір енді кішкене қиындық болып жатқан шығар.

Үкімет бюджетті жоспарлаған кезде ондағы тапшылықты жою үшін Ұлттық қордан трансферттелетін қаржыға арқа сүйеп жүр. Біз осыған орай, «Бұл болашақ ұрпақтың несібесіне ортақтасу емес пе?» деген сауалды сарапшылар назарына ұсынған едік.

Ораз БАЙМҰРАТОВ, ***Әлеуметтік экономика және қаржы институтының директоры, ҰР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы:***

– Бюджет тапшылығын Ұлттық қордың есебінен жабуды дұрыс не бұрыс деп біржақты айтуға болмайды. Егер Ұлттық қордан трансферттелетін бұл қаржы халық мүддесіне жұмсалатын болса, оның еш сөкеттігі жоқ. Әсіресе, қазіргідей дағдарыс жағдайында бұл неге болмайды деген сұрақтың тууы заңдылық қой. Жұмыссыздық көбейіп, өндіріс орны қысқарып жатқан кезде, Үкімет халыққа міндетті түрде көмектесуі керек. Егер қажетті қаржы бюджетте жетпесе, Ұлттық қордан неге алмасқа? Бюджет тапшылығын жою үшін Ұлттық қордан алынған қаржы өз мақсатына тиімді жұмсалып, ел игілігіне жаратылатын болса, құптау керек.

(Соңы 3-бетте)

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

«СОТ ЖҮЙЕСІ ЖАБЫҚ КОРПОРАЦИЯ БОЛМАУЫ ТИІС»

Сот жұмысы, судьялардың қызметі көпшіліктің көз алдында, ашық алаңда жүзеге асырылады. Бұл зайырлы, құқықтық мемлекеттердің бәріне тән жағдай. Ашықтық пен қолжетімділік сот құрылымын халыққа жақындатады, өзара түсіністік орнатады. Себебі, халық көзімен көрген ақпаратқа сенеді, сол арқылы сот саласына деген көзқарасын өзгертеді. Осы ретте сот қызметіне енгізілген жаңа технология жетістіктерінің оң ықпалы аз емес.

Заманауи технологияның артықшылығын бірнеше салаға бөліп жіктеуге болады. Оның біріншісі – соттың материалдық-техникалық қызметін жетілдірумен, жеңілдетумен байланысты. Айталық жаңа технологияның көмегімен «Төрелік», «Сот кабинеті» сервистері қолданысқа енгізілді. Сот өндірісіне түскен іс-материалдар судьяларға автоматты түрде бөлінетін болды. Бұрын сот отырысына қатысатындарға хат жазып, хабарлама жеткізу уақыт, қаржыны қажет ететін. Жаңа технология бұл мәселені де оңтайлы шешті. Сот мәжіліс залдары дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен жабдықталып, соның нәтижесінде сот хатшыларының жұмысы жеңілдеді. Процестердің таспаға жазылуы тараптардың сот отырысына жауаптылықпен қарауына, әр сөзіне мән беруіне, сонымен қатар, негізсіз арыз-шағым жазбауына ықпалын тигізді.

Заманауи технологияның екінші бір игілігі – соттағы ақпараттық ашықтықпен байланысты. Қазір Жоғарғы Соттан бастап, аудандық соттарға дейін өз сайттарын тұрақты жүргізеді. Әлеуметтік желіде де соттардың өз парақшалары бар. Судьялар мен сот мамандары ақпарат таратуда да белсенді. Соның нәтижесінде, саладағы бастамалар мен жаңашылдықтардан халық дер кезінде хабардар болып отырады. Мұндай қадам соттардың азаматтардан түскен сауалдарға жедел жауап беруіне жол ашуда. Өз пікірінің ескерілетініне, өз сауалының тыңдалатынына көзі жеткен халықтың сотқа деген сенімі де күн өткен сайын нығая беретіні түсінікті.

Жаңа технологияның тағы бір тиімді тұсы – сот кадрларын іріктеу тетіктерін жетілдіре түсуінде. «Сот жүйесі жабық корпорация болмауы тиіс. Сондықтан, сот корпусын едәуір жаңартып, оған түрлі құқық салаларының мамандарын тарту керек. Үміткерлерді іріктеген кезде олардың кәсіби тәжірибесімен қатар, жеке қасиеттерін де ескерген абзал», – деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бұл ретте толық орындалып отыр. Ең бастысы, енді үміткерлерді іріктеуде қарапайым азаматтардың пікірі, тілегі ескеріледі. Азаматтар өз мүмкіндігін пайдаланып, судьялыққа үміткер болып отырған жандарға қатысты лебізін сайтқа қалдыра алады. Бұл азаматтық қоғамның сот жүйесінің жұмысын жандандыруға белсенді қатысуына көмектеседі.

Азаматтардың уақыт, қаржы жағынан ұтылмауына да жаңа технология жаңашылдықтарында мән берілген. Соның арқасында сот отырысына қатысушылар сот залына келмей-ақ шетелде, үйінде, кеңсесінде отырып-ақ куәлік ете алады. Ең бастысы, ғаламторға қолжетімділік болса жеткілікті. Бейнеконференц байланыс арқылы тергеу изоляторынан, түзеу мекемелерінен сот отырысына қатысу бұрын таңсық көрінетін. Ал қазір бұл қалыпты жағдайға айналған. Бүгінде барлық сот отырыстары жаңа технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып жүргізіледі. Қазақстандық соттың әлемдік пандемия кезінде де тосылып қалмай, жұмысын өз ретімен жүргізуі – заманауи технология жемісі.

Н.БАТЫРХАН,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

МІНБЕР

АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБА – ДАУДЫ СОТТАН ТЫС РЕТТЕУДІҢ МҮМКІНДІГІ

Сот жүйесі, сот жұмысы жағымды өзгеріске толы. Жаңашылдықтың барлығы мемлекетте заң үстемдігін орнатуға, азаматтардың құқығын мінсіз қорғауға бағытталған. Сот жүйесінің басты тұтынушысы халық болғандықтан, салада қолға алынған бастаманың барлығы азаматтардың талап-тілегін, қажеттілігін ескере отырып дайындалады. Атқарушылық жазбаларға қатысты өзгерістің орын алуына да халықтың сұранысы әсер еткен болатын.

Соған орай «Нотариат туралы» заң атқарушылық жазбаларды жасау жайлы жаңа тараумен толықтырылды. Бұл ауқымды өзгерістер 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген еді. Жаңа құжат сот жүктемесін азайтып, нотариустардың құзыретін кеңейтті. Сот жүктемесінің төмендеуі өз кезегінде судьялардың бос уақытын күрделі істерге арнауына мүмкіндік берді.

Атқарушылық жазба жасау азаматтарға уақыт, қаржы үнемдеу тұрғысынан да тиімді. Бүгінде атқарушылық жазба жасаудың өзіндік тәжірибесі толық қалыптасып үлгерген. 2016 жылы нотариустар тек 950 атқару жазбасын жасаған екен. Бұл сан жыл сайын өсіп, бүгінде республикадағы нотариустар куәландыратын атқарушылық жазбалар саны 100 есе артқан. Мұның өзі азаматтардың құқықтық сауатының өскенін, нотариустардың жаңа қызметке бейімделгенін көрсетеді.

Атқарушылық жазбаның артықшылығы неде? Бұл құқықтық құрал даусыз сипаттағы талаптарды тез және тиімді шешуді көздейді. Нотариус даусыз талаптарды шешу процесін жеңілдетіп, істі барынша жеделтеуге ықпалын тигізеді. Ал дәл осындай істерді сотта қарау біраз уақытты алары анық. Жалпы, атқарушылық жазба жасау азаматтардың меншік құқығын қорғаумен байланысты халықаралық-құқықтық тәсілдерге сәйкес келеді. Ең бастысы, бұл – жаңашылдық соттарды даусыз сипаттағы істерден босату бойынша жүргізілген ізденістің жемісі.

«Нотариат туралы» заңның 14-1-тарауы толықтай атқарушылық жазбаларды жасауға арналған. Осы заңның 92-2-бабына сәйкес, нотариустар, біріншіден, ұсынылған құжаттар берешектің немесе борышкердің өндіріп алушы алдындағы өзге де жауапкершілігінің даусыз екенін растаса, екіншіден, талап қою (арыз) құқығы туындаған күннен бастап үш жылдан аспайтын уақыт өтсе атқарушылық жазба жасайды. Егер атқарушылық жазба берілетін талап үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ескіру мерзімі белгіленсе, атқарушылық жазба осы мерзім шегінде беріледі.

Мұнда ең алдымен назарға алынатыны өндіріп алушының борышкерге қоятын талапқа қатысты қандай да бір дауы, қарсылығы болмауы шарт. Сонымен бірге өндіріп алушы берген және қойылатын талаптардың даусыздығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс. Нотариус осы құжаттар бойынша талаптардың даусыздығын ғана тексереді. Борышкер міндеттемені орындауды немесе өндіріп алушының берешектерін бұзуды даулаған кезде, нотариустың атқарушылық жазба жасауға құқығы жоқ. Мұндай жағдайда тараптар дауды шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Бүгінде халықтың құқықтық сауаты артқан. Нотариустар да атқарушылық жазба жасауда үлкен тәжірибе жинақтап үлгерді. Сондықтан даусыз істердің нотариустар арқылы шешімін тауып жатқаны, тараптардың өз мәселесін жылдам әрі әуре-сарсаңсыз реттей алатыны қуантады.

Д.ӘКЕТАЕВ,
Медеу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ХАБАРЛАМА

Судьялыққа кандидаттардың тағылымдамадан өтуі үшін бос орындарды бөлу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты судьялыққа кандидаттардың тағылымдамадан өтуі үшін бос орындарды бөлу туралы хабарлайды:

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша – 7 орын
Алматы қаласы бойынша – 7 орын
Шымкент қаласы бойынша – 5 орын
Ақмола облысы бойынша –2 орын
Ақтөбе облысы бойынша – 3 орын
Алматы облысы бойынша – 3 орын
Атырау облысы бойынша – 3 орын
Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 3 орын
Жамбыл облысы бойынша – 1 орын
Батыс Қазақстан облысы бойынша – 3 орын
Қарағанды облысы бойынша – 5 орын
Қостанай облысы бойынша – 5 орын
Қызылорда облысы бойынша – 3 орын
Маңғыстау облысы бойынша – 3 орын
Павлодар облысы бойынша – 4 орын
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 2 орын
Түркістан облысы бойынша – 4 орын

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 29-бабының 2-4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін азаматтар тағылымдамаға жіберіледі.

Тағылымдамадан өту судья лауазымына кандидаттың тұратын жері бойынша тіркелген облыс, астана және республикалық маңызы бар қалалар аумағындағы жергілікті соттарда жүзеге асырылады. Тұрғылықты жері бойынша тағылымдамадан өту үшін бос орындар болмаған жағдайда, кандидат басқа облыс, астана және республикалық маңызы бар қалаларда бос орындар болған кезде тағылымдамадан өтуге рұқсат беру туралы өтінішпен тағылымдамадан өтуге адамдарды іріктеу жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жүгінуге құқылы.

Тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адамдар комиссияға тағылымдамадан өтуге рұқсат беру туралы өтінішпен хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жүгінеді.

Өтінішке мынадай құжаттар:

1) Фотосуреті бар кадрларды есепке алу бойынша жеке парақ;
2) өмірбаян (өз қолымен жазылады);
3) еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
4) жоғары заңгерлік білімі туралы дипломның және оған қосымшаның нотариалды куәландырылған көшірмелері;
5) біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын құжаттың көшірмесі;
6) соңғы жұмыс орнынан алынған бірінші басшы не оның міндетін атқарушы тұлға қол қойған, ұйымның мөрімен бекітілген қызметтік мінездеме;
7) денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама № 086 нысан), сондай-ақ заңнамалық тұрғыда белгіленген тәртіпте берілген психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерде есепке тұрмағаны туралы анықтамалар;
8) жеке куәліктің көшірмесі.

Барлық ұсынылған құжаттарда қол қойылуы және жасалған немесе бекітілген күні, қажет болған жағдайда – шығыс нөмірі мен күні болуы тиіс.

Кадрларды есепке алу бойынша жеке парақ, өмірбаян, қызметтік мінездеме, денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама берілген немесе жасалған күннен бастап бір жыл ішінде жарамды болады және кандидатқа қатысты өзекті мәліметтерді қамтуы тиіс.

Тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адамдар ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне (ҚР Жоғарғы Соты аппаратына) құжаттарды Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 39-үй мекенжайы бойынша қолма қол немесе пошта немесе электрондық түрде 707-0067@sud.kz поштасы арқылы ұсынады.

Құжаттарды электронды түрде электронды мекенжайға жолдаған кезде, олардың түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелері құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынылу қажет. Ұсынылмаған жағдайда, тағылымдамадан өтуге жіберу туралы құжаттар комиссиямен қаралмайтын болады.

Анықтама үшін телефондар: 8 (7172) 71-00-67, 8 (7172) 71-00-64.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

МІНДЕТ

Еркін ШАҒДАТ,
Алматы облыстық атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ – АРДЫҢ ІСІ

Қазақстанда әрбір үшінші неке бұзылады. Ерлі-зайыптылардың көпшілігі үйленгендеріне жыл толмай екі жаққа кетуге шешім қабылдап жатады. Осының өзі жастардың үйлену-үй болу мәселесіне жеңіл-желпі қарайтынын көрсетеді. Ажырасуға тастүйін бекінген жандардың пікірін өзгерту қиын. Олар ата-анасының сөзіне, жақындарының пікіріне құлақ аса бермейді. Тіпті, ортақ некеден туылған балалардың ертеңі де жастарды ойландыра қоймайды.

Иә, ажырасқан жандарға жар табылар. Бірақ отбасына қосылған жаңа адамды балалардың қабылдауы екіталай. Жақындарымен түсінісе алмай үйінен безетін, бақылаудың аздығынан күдікті топтарға қосылатын балалардың көбі осындай толық емес отбасынан шығады. Мұндайда балаларға алименттен гөрі, әке тәрбиесі көбірек керек. Алайда тәлім-тәрбие бермек түгілі, баласына тиесілі алиментті төлеуден жалтаратын ер-азаматтар аз емес. Алимент төлеу – ардың ісі. Өз баласына қажетті ақшаны беруден қашатын азаматтарда жауаптылық жоқ. Жеке сот орындаушылар өндірісіндегі істердің көпшілігі осындай жауапсыз әкелерден алимент өндірумен байланысты.

Ер-азаматтар алименттік қарызын төлемеу үшін небір құйтырқылыққа барады. Ресми жұмыс орындарға тұрмауға, жалақысының көлемін жасыруға тырысады. Мекенжайын жиі ауыстырып, мүлкін туыстарының атына жазып қоятындар да баршылық. Сонда олар тапқан табысын өзгеден емес, өз баласынан жасырып тұрған жоқ па?

Біз алимент өндіруге қатысты істермен жұмыс барысында ер-азаматтардың бала алдындағы жауаптылығын түсіндіруге тырысамыз. Оларға ой салып, баласының болашағына немкетті қарамауға шақырамыз. Бірақ, мұндай шаралардың бәрі бірдей нәтижелі бола бермейді.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ЖАҚСАРАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиында баяндама жасаған Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың айтуына қарағанда, экономиканың нақты секторына тиесілі қаржы аз емес секілді. Оның шығыстары үшін бюджетте орта мерзімді кезеңге 3,6 трлн теңге, оның ішінде 2022 жылға 2 трлн теңге қарастырылыпты. Осы бағыт аясында «Нұрлы жер», «Нұрлы жол», «Бизнестің жол картасы – 2025», «Агроөнеркәсіп кешені» және басқа да мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға шығыстар көзделген. Олар біртіндеп ұлттық жобаларға ұласатын болады.

Заң жобасын талқылау барысында депутаттар тарапынан бірқатар түзетулер енгізіліпті.Соның бірі, 2022 жылға азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының еңбекақыларын көтеруге 143,4 млрд теңге сомасында қаражат бөлуді көздейді. Екіншісі, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және өңірлерді дамытуға бағытталды. Яғни, «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруға, ауылдық елді мекендерді таза ауыз сумен, су бұру қызметтерімен қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұрғын үй-шаруашылығын дамыту үшін 2022 жылы өңірлерге республикалық бюджет қаражаты есебінен шамамен 4,7 трлн теңге бөлінетін болды. Баяндамашының айтуынша, осындай мәселелер ескерілген бюджет жобасы мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін мүлтіксіз орындауға, дағдарыс салдарына төтеп беріп, экономикалық өсуді қамтамасыз етуге, мемлекеттік қаржының орнықтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде сөз алған Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев 2022–2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес инфляцияның бұдан кейін төмендеуі және 2023–2024 жылдары 4-5 пайыз деңгейінде және 2025–2026 жылдары 3-4 пайыз деңгейінде тұрақтанатынын айтты.

Заң жобаларын талқылау барысында депуттатар сауалдарымен, пікірлерімен құзырлы орындардың назарын бірқатар өзекті мәселелерге аударды. Соның бірі мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсартуға қатысты болды. Үшжылдық бюджет жобасында оларды протездер, арбалар, санаторий-курорттық ем алу сынды техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету үшін 79,8 млрд теңге қарастырылыпты. Яғни, бұл қаржыға нақтырақ айтқанда 84 мың техникалық компенсаторлық құрал, 9,6 мың есту аппараты, 16 мың тифлотехникалық құрал және басқалары сатып алынатын болған. Алайда, 2020 жылдан бері мүмкіндігі шектеулі жандар осы жабдықтарға қол жеткізуде түрлі кедергіге тап болып келеді екен. Бұл шараның «Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы» деп аталатын министрліктің ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылуы оларды тауарлардың сапасын анықтап, кемшін тұстары үшін жауап беруге мәжбүр етеді екен. Ақаулар табылған жағдайда, қайтару мәселесін де өз есебінен шешулері керек. Депутаттар тиісті министрлік басшысын осы мәселеге назар аударуға шақырды. Осы тұста әңгімеге араласқан Нұрлан Нығматулиннің айтуынша, бұл проблема бұған дейін де көтеріліп, депутаттар министрдің атына депутаттық сауал да жолдапты. Алайда шешуге уәде берілгенімен, әлі нәтиже жоқ. Осыны айтқан Палата спикері құзырлы орын басшысына:

> КЕДЕНДІК ОДАҚ АЯСЫНДА БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТУ ҮШІН АРНАЙЫ ЖОЛ КАРТАСЫ ЖАСАЛЫП, ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР ЕКЕН. БҰЛ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ ҚОСЫМША ТАҒЫ ДА 400 МЛРД ТЕҢГЕДЕЙ БЮДЖЕТКЕ ҚОСЫМША ТАБЫС ӘКЕЛЕДІ ДЕГЕН СЕНІМ БАР. КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАНЫ ҚЫСҚАРТУ МАҚСАТЫНДА ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН КЕШЕНДІ ЖҰМЫСТАР НӘТИЖЕСІНДЕ ОНЫҢ ДЕҢГЕЙІ 20 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕП, САЛЫҚТЫҚ БАЗА ҰЛҒАЮДА.

– Жарты жыл өтті. Әлі ешқандай өзгеріс жоқ. Бүгін міне, тағы да бөлінетін қаражатты көбейтуді сұрап отырсыз. Ал, оның нәтижесі қандай болады? Әрине, кемтар жандарға көмектесуіміз қажет.Сол үшін әр бюджетті қараған кезде ең көп қаржы сіздерге бөлінеді. Оған сәйкес, нәтиже де жоғары деңгейде болу керек, – деп ескерту жасады.

Депутаттар өз кезегінде Ұлттық кордан трансферттелетін қаржыға қатысты да сауал қойды. Айта кету керек, Ұлттық қордан республикалық бюджетке 2022 жылға 2 400 млрд теңге, 2023 жылға 2 200 млрд теңге, 2024 жылға 2 000 млрд теңге көлемінде кепілдендірілген трансферт тартылмақ. Мұның көлемі жылдағы деңгейден аз болса да депутаттарды Үкіметтің болашаққа арналған қаржыға қол сала беруі бейжай қалдыра алмады. Олар бұл ретте алдағы уақытта атқарушы биліктің бюджет тапшылығын осылайша жеңіл жолмен жою тәжірибесінен бас тарту бағытында қандай нақты шаралар атқарып жатқанын білгісі келді. Сұраққа жауап берген Премьер-Министрдің орынбасары Әлихан Смаиловтың айтуынша, бұл бағытта кешенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Олар салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру және цифрландыру, көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендету еді дейді. Салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру нәтижесінде соңғы екі жарым жыл ішінде республикалық бюджеттің кірісі артып, алдағы екі жыл ішінде шамамен 2 трлн теңге көлемінде бюджет тапшылығы жойылмақ. Бұған қосымша тауарлар қозғалысын қадағалау жүйесі де іске қосылып, бұл да кірістің артуына ықпал ететін болады. Кедендік одақ аясында бақылау шараларын күшейту үшін арнайы жол картасы жасалып, іске асырылып жатыр екен. Бұл келесі жылы қосымша тағы да 400 млрд теңгедей бюджетке қосымша табыс әкеледі деген сенім бар. Көлеңкелі экономиканы қысқарту мақсатында жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстар нәтижесінде оның деңгейі 20 пайызға дейін төмендеп, салықтық база ұлғаюда. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба беретін болады.

Депутаттар сонымен қатар қымбатшылықтың артуына орай өсіп бара жатқан инфляция деңгейін Ұлттық банктің 4,6 пайызда ұстау ниетіне қатысты да алаңдаушылық білдірген еді. Бұл тұрғыда Досаев мырзаның жасаған уәжінен ұққанымыз – Үкіметтің қазіргі пандемия жағдайында жүзеге асырып жатқан жедел шараларымен қатар экономиканы одан әрі әртараптандыру және оның импортқа тәуелділігін төмендету бойынша жүйелі жұмысын жандандыру маңызды. Негізінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдан бастап енгізілетін контрциклдық бюджет қағидасы мемлекеттік шығыстардың өсу қарқынын шектеуге мүмкіндік береді, сол арқылы мемлекеттік қаржының тұрақтылығын қамтамасыз етеді және инфляциялық қысымды төмендетеді.Үкімет жоспарлап отырған шикізатқа жатпайтын экспортты арттыру шаралары да болжамды кезеңдегі Қазақстанның төлем балансының жай-күйін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Заң жобасы тұтастай мақұлданып, Сенатқа жол тартты.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БАСТАМА

ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ БЕЛГІЛЕНБЕК

Ұлттық күнтізбе Тоғызқұмалақ күнімен толығуы мүмкін деп жазған едік. Араға бір ай салып, елордадан қуанышты хабар жетті. Парламент Мәжілісінің депутаттары А.Перуашов, Б.Дүйсенбинов, Қ.Исаның 9 қыркүйекті Тоғызқұмалақ күні деп белгілеу туралы ұсынысына Мәдениет және ақпарат министрі Ақтоты Райымқұловадан жауап хат келіп түсіпті. Көшірмесі Премьер-Министрдің орынбасары Е.Тоғжановқа жіберілген бұл хатта: «Министрлік өз құзыреті шегінде 9 қыркүйекті «Тоғызқұмалақ күні» емес «Ұлттық спорт күні» деп белгілеу туралы шешім қабылдауды жөн көреді» деп жазылған.

Естеріңізде болса, халық қалаулыларының Премьер-Министрдің орынбасары Е.Тоғжановқа депутаттық сауал жолдауына Қызылордадағы ардагерлер арасында өткен жарысқа қатысушылардың Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы және ҚР Тоғызқұмалақ спорты федерациясының төрағасы А.Бәйменовтің атына жолдаған хаты түрткі болған еді. Олар онда 9 қыркүйекті – Тоғызқұмалақ күні деп жариялауға федерация тарапынан шешім қабылдап, Президент әкімшілігіне ұсыныс хат жолдауын сұраған болатын. Соған сәйкес, Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы және ҚР Тоғызқұмалақ спорты федерациясының төрағасы ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминге жолдаған ұсынысхатта тоғызқұмалақтың 2006 жылдан бастап Әлемдік зияткерлік ойындар олимпиадасы бағдарламасына енгенін, осы күнге дейін 5 әлем, 4 Азия, 4 Еуропа чемпионаты өтіп, оларға отыздан астам мемлекет өкілдері қатысқанынан мағлұмат берді. Соңғы жылдары интернет арқылы ойнау мүмкіндігіне де қол жеткізіліп, отандық мамандар Android пен Ios жүйелері үшін арнайы әзірлеген қосымшалар арқылы пандемия кезінде де жүздеген жарыстар онлайн форматта жалғасқанынан хабардар етті. Сондай-ақ, 3 мыңдай жаттықтырушылардың көмегімен 200 мыңнан астам адам тоғызқұмалақпен айналысып, 10 мыңнан астам адам кәсіби деңгейде ойнайтынын жеткізді.

– 2020 жылы 19 желтоқсан күні халықаралық ЮНЕСКО тоғызқұмалақты адамзаттың мәдени мұралары тізіміне қосты. Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрліктері қолдауымен қазір барлық дене шынықтыру мұғалімдеріне тоғызқұмалақ үйретіліп, мектеп бағдарламасына енгізуге дайындық жүруде. Осының барлығы тоғызқұмалақ ардагерлері, жаттықтырушы, төреші, ойыншылардың күнделікті еңбегі, Үкімет пен облыс, аудан, қала басшыларының оң көзқарасы, жанашыр азаматтардың демеуі, ақпарат таратып, насихаттап жүрген жорналшылардың қолдауы, облыстық және шетелдік федерациялар басшыларының қайраткерлігі арқасында мүмкін болды. Таяуда менің атыма тоғызқұмалақ ардагерлері мен жаттықтырушыларынан тоғызыншы айдың тоғызыншы күнін, яғни 9 қыркүйекті «Тоғызқұмалақ күні» деп белгілеу туралы ұсыныс түсті. Бұл күннің тағайындалуы біздің мәдени мұрамыздың мыңдаған жылдық тарихы бар екенін, тереңнен тамыр алатын және ол мәдени мұраның ішінде ерекше күрделі интеллектуалды ойынның бар екенін паш ететін күн болатыны сөзсіз, – деп 9 қыркүйекті «Тоғызқұмалақ күні» деп белгілеу туралы Үкімет шешімін қабылдауын сұраған еді. Премьер-Министрдің орынбасары 16 қыркүйекте өзіне жолдаған бұл хатты жан-жақты қарастырған Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұлова өз шешімін жариялап отыр. Енді оны Үкімет басшысы қолдап, шешімге қол қоятын болса, ҚР кәсіби мерекелер күнтізбесі Ұлттық спорт күнімен толығары анық. Бұл туралы пікірін білмек болып алдымен Әлихан Бәйменовке хабарласқанбыз.

– Дүниежүзілік және республикалық тоғызқұмалақ федерациясы тоғызыншы айдың 9-ыншы күнін Тоғызқұмалақ күні деп белгілеуді ұсынды. Бұл күнді Ұлттық спорт күні деп белгілесе, біз оны қолдаймыз. Сол күндері біздің сарайларда, мектептерде, көшелерде тоғызқұмалақ ойналып, қазақ күресінен, ат жарыстан, көкпардан Қазақстанның бүкіл өңірінде ұлттық спорт фестивальдері жүріп жатса, одан қазақ мәдениеті мен спорты ұтады. Мәдениет және спорт министрлігінің көзқарасында негіз, қисын бар. Себебі, «Тоғызқұмалақ күнін» белгілесе, басқа ұлттық спорт түрлеріне де арнайы бір-бір күнді белгілеу керек болады, – дегенді айтты.

Бастама аяқсыз қалмайтынына біз қанша сенгіміз келгенмен, Үкімет өз шешімін жариялау үшін уақытты созып алуы да мүмкін екенін естен шығармаған жөн шығар. Бұл мәселеде Мәдениет және спорт министрінің өз ұйғарымын Үкімет басшысына жеткізуі мен өз уәжіне сендіруі де маңызды рөл атқаратыны анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ ЕСЕБІНЕН ЖАБУ ДҰРЫС ПА?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әзімхан САТЫБАЛДИН, ***ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі:***

– Парламентте не айтылғанын біз сіздерден ғана естиміз ғой. Менің ойымша, тапшылық болып жатқан шығар. Бірақ қайта-қайта Ұлттық қорға қол сұға берсек, біз алысқа шаппаймыз. Болашақ ұрпақтың қорына қол тигізген, меніңше, жақсылық емес.

Егер Ұлттық қордан трансферттелетін қаржыны өндіріс орындарын ашуға бағыттасақ, бюджет шығарылған өнім арқылы толар еді. Әлеуметтік мәселелерді де содан түскен ақшамен шешуге болады ғой. Ауыл шаруашылығына маманданған мемлекетте ауыл шаруашылығы өнімдері, мұнайлы-газды мемлекетте мұнай өнімдері қымбаттап жатыр. Бұл жақсылықтың нышаны емес.

Бүкіл халық болып азаннан кешке дейін шешіп жатқанымыз – әлеуметтік жағдайлар. Осынша зауыт ашылайын деп жатыр, осы жерде осынша өнім өндіріліп жатыр деген сияқты өндірістік мәселені ешкім айтпайды. Мысалы, Ресей биылғы су тапшылығына, құрғақшылыққа қарамай, көкөніс бойынша өз қажеттілігінен артық өнім жинапты. Бұл өзін-өзі қамтамасыз етіп отыр деген сөз. Ұлттық қор түбі жоқ құдық емес қой. Өндірісті жүргізсек қана бюджетке қаржы түседі.

Ораз БАЙМҰРАТОВ, ***Әлеуметтік экономика және қаржы институтының директоры, ҰР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы:***

– Ал оның жемқорлыққа себеп болып, талан-таражға түсуі мүмкін деп отыра берсек, одан ұтылмасақ, ұтпаймыз. Кім не десе де, қандай шешім қабылдаса да, халық мүддесі бәрінен жоғары тұру керек.

Кейбіреулер бұл болашақ ұрпақтың несібесі ғой, оған қол салғанымыз қалай деп жүргенін де білемін. Ұлттық қор қаржысы азайғанымен, болашақта қайтадан толығуы да мүмкін ғой. Жағдай жақсарған кезде оны қайта толтыруға бізде мүмкіндік те болады. Ал оны нағыз керек кезінде пайдаланбай, босқа тығып ұстағаннан ешкім ешнәрсе ұтпайды. Болашақтың ертең емес, бүгіннен басталатынын ұмытпаған жөн шығар.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

ӨТКЕН АПТАДА ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ БҰҰ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ҚОС БІРДЕЙ МЕРЕКЕСІ ӨТТІ. ОНЫҢ БІРІНШІСІ – 11 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ҚЫЗДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ БОЛСА, ЕКІНШІСІ – 15 ҚАЗАНДАҒЫ АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ. ЖАСЫРАТЫНЫ ЖОҚ, ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ОНЫ МЕРЕКЕЛІК КҮНТІЗБЕГЕ ЕНГІЗУДЕГІ БАСТЫ МАҚСАТЫ ҚОҒАМ НАЗАРЫН ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АУДАРТУ ЕДІ.

ӘЙЕЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ СТАТИСТИКАМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

Өйткені, дүниежүзінің көптеген елдерінде қыздардың сауат ашып, арнайы және жоғары оқу орындарында кәсіби білім алып, қоғамнан өз орнын табуына әлі күнге дейін кедергі бар. Бұл, әсіресе, ауылдық жерде айқын аңғарылып отыр. Халықаралық қауымдастықтың есебіне қарағанда, ауыл әйелдері әлем тұрғындарының ширек бөлігін құрайды. Ерлермен салыстырғанда, олардың еңбегіне ақы төлеудегі айырмашылық 40 пайызды құрайды. Әйелдер мен ерлердің жұмыс күші ретінде қатысуындағы айырмашылықты 2025 жылға дейін 25 пайызға қысқартудың өзі әлемдік ЖІӨ-ді 3,9 пайызға арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, БҰҰ-ның айтулы датаға арналған биылғы мәлімдемесінде ауыл әйелдерінің дамуға баға жетпес үлес қосатыны тағы да сөз болды. Онда дамушы елдерде ауыл әйелдері ауылшаруашылық жұмыс күшінің шамамен 43% құрайтыны және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершіліктің де солардың иығында екені айтылған. Өйткені, әлі күнге дейін азық-түліктің көп бөлігін солар өндіріп, өңдеп, дайындайды. Планетаның ең кедей тұрғындарының 76%-ы ауылдық жерлерде тұратындығын ескерсек, ауыл әйелдерінің өндірістік ауылшаруашылық ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ету әлемдегі аштық пен кедейліктің азаюына зор ықпал ететіні еске салынады.

Осы арада БҰҰ-ның кедейлікті жою; аштықты жою; жақсы денсаулық және әл-ауқат; сапалы білім беру; гендерлік теңдік; таза су және санитария; қымбат емес және таза энергия; лайықты жұмыс және экономикалық өсу; индустрияландыру, инновациялар, инфрақұрылым; теңсіздікті қысқарту; тұрақты қалалар және елді мекендер; жауапты тұтыну және өндірс; климаттың өзгеруімен күрес; теңіз экожүйелерін сақтау; құрлық экожүйелерін сақтау; бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар; тұрақты даму үшін серіктестік деп аталатын 17 тұрақты даму мақсаттары да еріксіз еске түсері анық. Өйткені мұнда айтылғанның бәрі бір-бірімен тығыз байланысты және олар қоғамның барлық мүшесі бірлесіп атқарғанда ғана жүзеге асатын міндеттер. Бүгінгі таңда Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуінің мониторингтік жүйесі 280 индикаторды қамтиды. Оның 205-і ғаламдық, 75-і ұлттық деп белгіленген.

Қазақстанда қыздардың оқып, жоғары білім алуына ешқандай кедергі болмағанымен, ауылдағы әлеуметтік тұрмыстық жағдайдың төмендігі ондағы өзге тұрғындар секілді әйелдердің өміріне өз ықпалын тигізіп отыр. Қыздар мен әйелдердің өз замандастарынан көріп отырған тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткіші де қалаға қарағанда жоғары. Бұл көп жағдайда отбасының өз ішінде ғана қалып, сыртқа шықпайтындықтан, оның зардабы уақыт өткен сайын ауыр әрі қасіретті болуда. Жәбірленген, зорланған, ерлерден ғана емес, әйелдерден де зорлық-зомбылық көріп, өмірі күндікте, жезөкшелікте өткен жандардың қилы тағдыры бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде аз айтылып, жазылып, көрсетіліп жатқан жоқ. Осыған қарамастан, қорлық деректері азаюдың орнына өртеңге шыққан шөптей қаулап өсіп барады. Бұл «қыз – қонақ», «қыз – ауылдың көркі», «қызы бардың – назы бар» деп әйелді үйдің шырағы, бүкіл игіліктің сақтаушысы деп санайтын халқымыз үшін үлкен сын болуы керек.

Мұның бәрі алдымен патшалық, одан кейін кеңестік идеологиямен қыздың ұлтты тәрбиелейтінін ұмытудың нәтижесі болды. Нарықтың өтпелі кезеңінде ұлттық тәлім-тәрбие онсыз да сызаты бар шыныдай шытынаған соң ұлттық құндылықтардың аяқ асты болуы үйреншікті жайтқа айналды. «Жығылғанға жұдырық» дегендей қалаға жұмыс іздеп келіп, отбасымен пәтер жағалап, тапқаны күнкөрісінен артылмаған әйелдердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын кейбір теріс пиғылды топтардың өз мақсатына пайдалануы жиілей бастады. Сондықтан, «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі», «әйел – өмір тірегі ғана емес, әйел – өмірдің өзі», «әйел өзін сенімді сезінген жерде отбасы да берік, балаларының болашағы да жарқын», «Әйел – бесік иесі. Демек әйелдің жайы түзелмей – бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей – еліміз толық түзелмейді» деп жүрген Елбасының өзі соңғы жылдары көп балалы, жағдайы төмен жетім-жесір, кембағал әйелдерді алға шығарып, мемлекетті сауын сиырға айналдырғысы келген масылдықты сынға алуға мәжбүр болды. Пикетке шығып, билік органдарының алдын жағалап жүргендерге қарата айтылған «Баланы мемлекет үшін емес, өзің үшін туасың. Үй бер, әлеуметтік жәрдемақыны көбейт деп Үкіметке алақан жаймай, өз күніңді өзің көр. Мемлекетке масыл болма» деген сөздерді кейбіреулер теріс түсіндіріп, жұртты адастырғысы келетіні анық байқала бастады. Отбасын асыраудың орнына үйде жатып алып, барлық жауапкершілікті жүкті әйелінің мойнына артып қойған жалқау, босбелбеу, жауапсыз еркектердің де қатары да жыл өткен сайын көбеймесе, азаятын түрі көрінбейді. Бұған халықтың сауатын көтере алмай жатқан Үкіметтің жоспарсыз, жүйесіз, жауапсыз іс-әрекеті түрткі болуда.

Өз құқығын қорғау үшін үкіметтік емес ұйымдар аясында бірігіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару арқылы жергілікті заң шығарушы және атқарушы билік органдарының өз қызметін сапалы атқаруына бақылау жасап, заңның орындалуын талап етуде де сөз бен іс әрдайым қабыса бермеуде. Сондықтан қоғамды жегідей жеген сыбайластықпен және жемқорлықпен күрес әлі де салмақты, пәрменді емес. Еліміз некелескен жұптардың ажырасу көрсеткіші жағынан әлемде алдыңғы қатарда тұр. Азаматтық хал актілері орталығында некесін рәсімдеген отбасылардың 30 пайызы кейін ажырасу үшін сот органдарын жағалап, бір-бірінен алимент даулап жүруі бәріміз үшін үйреншікті жайтқа айналды. Бұл мәселе бойынша Парламент депутаттары Премьер-Министр мен Үкіметтің өзге де мүшелерінің атына хат жазып, сауал жолдауының жиілеуі сондықтан. Ал нақты өзгерісті емес, билік органдарындағы әйелдердің үлесін көтеруді ғана жалау қылып көтеріп, ұрандатып жүрген кейбір белсенділер қосылғыштардың орны ауысқанмен бұл ақырғы нәтижені өзгертпейтінін ескергісі келмейтін секілді. Әйел әйелге, еркек еркекке тән мінез-құлық пен ерік-жігер көрсете алмаған, табиғат берген өз жаратылысына тән қоғамдағы өз орнын таба алмаған елдегі істе береке жоқ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сіз не дейсіз?

Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВ,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Халық «қыздың жолы жіңішке» дейді. Ол Орталық Азия елдері арасында тек қазақта ғана айтылады. Бұл – ата-бабамыздың қыз тәрбиесіне ерекше мән бергенінің бір көрінісі. Халқымыз қыздың балдырған шағынан бастап, әже жасына жеткенге дейінгі өзіндік қыр-сырына үлкен көңіл бөлген. Қыздың өсуі, ана болуының өзі тәрбиеге байланысты. Тұнық бастаудың уызына жарып, дәстүрге қанып өскен қыздан ақ жаулықты әже, жігіттен түйгені мол қария шығады. Өз басым тәлім-тәрбие бетімен кетті, қазақтың қызға, әйелге, анаға деген көзқарасы өзгерді деген пікірмен келіспеймін. Бізде тек өзгеге еліктеу басым боп тұр. Саябақта келе жатсаң, бірінің үстіне бірі шығып отырған жастарды жиі көресің. Бұл сөкеттеу дүние. Бұл үшін оларға ұрсып, уағыз айтудан аулақпын. Мұның бәрі адамның отбасындағы, айналасындағы өзі араласатын ортасындағы тәрбиеге байланысты.

Жасыратыны жоқ, оншақты жыл бұрын ауыл әйелдеріне әлеуметтік мәртебе беру жайы жиі айтылатын. Қазір ол азайды. Бұған мемлекет тарапынан елдегі әлеуметтік саясатты жақсартуға бағытталған іс-шаралар өз ықпалын тигізді. Халықтың алтын бесігі саналатын ауылға, ауыл әйелдеріне қатысты Үкімет деңгейінде жүзеге асырылатын әлеуметтік ынталандыру тетіктерін әлі де жетілдіру қажет. Оны оларға айрықша мәртебе бермей-ақ жасауға болатынын уақыттың өзі дәлелдеп берді.

ПӘРМЕН

АҚШ СОТЫНДА ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ШАРА ҚОЛДАНЫЛДЫ

2021 жылғы 18 қазанда Нью-Йорктің Оңтүстік округі бойынша АҚШ округтік сотының судьясы Элисон Дж. Натан М.Әблязов пен И.Храпунов берген түрлі қарсылықтарды қабылдамай, оларға «БТА Банкі» АҚ мен Алматы қаласы әкімдігінің (бұдан әрі – Бірлескен талапкерлер) бірлескен талап-арызы бойынша басталған сот қарауы кезінде заңсыз әрекеттері үшін санкциялар салды. Судья Натанның шешімінде сонымен қатар Әблязов пен Храпуновқа санкциялар салған АҚШ бітістіруші сотының бұрынғы бірнеше қаулылары (2019 жылғы 3 шілде, 2019 жылғы 15 шілде, 2020 жылғы 7 ақпан, 2020 жылғы 19 мамыр және 2020 жылғы 3 қыркүйек) расталды.

Сот жауапкерлердің жасырған және қасақана жойған дәлелдері болғанын, жалған айғақтар бергенін, сот бұйрықтарын бұзғанын және сот процесін «мысық-тышқан ойыны» ретінде қабылдағанын анықтады. Аталған шешімде Әблязовтың соттың талап еткен дәлелдемелерді ұсыну туралы жасаған қаулысын орындамауын, оның мәлімдемесі ант беру арқылы берген айғақтарына қайшы келуін, Храпуновтардың ешқандай себепсіз бір де бір қаржылық есеп бермеуін, сот «ақпаратты ашу тәртібінің негізгі бұзушысы» деп атаған Ілияс Храпунов талапкерлердің бірлесіп талап-арыз беруден аз ғана бұрын өзінің барлық хаттарын өшіріп тастап, оның орнына «жүздеген» шифрланған электрондық пошта адрестерін қолдана бастауын, одан соң олардың ешқайсысына қол жеткізе алмайтындығы туралы «ойға қонбайтын» мәлімдемелер жасауы нақты заңсыздықтар ретінде көрсетілген. Ильяс Храпуновтың сонымен бірге өзі үшінші тұлғаларға жіберген электрондық хаттарын мойындаудан бас тартып, «ондаған немесе жүздеген миллион долларға қатысты қаржылық операциялар туралы ештеңе білмеймін» деп мәлімдеуі, Әблязовтың өзінің меншікті капиталы 20 миллиард АҚШ долларынан асатынын айтып, бірақ оған осы ақшаны табуға және басқаруға жәрдемдескен адамдарды атай алмайтынын мәлімдеуі де мысал ретінде келтірілді.

Заңсыз әрекет туралы осы және осыған ұқсас тұжырымдардың негізінде сот бірлескен талапкерлердің пайдасына Әблязовтың 140 115,16 АҚШ доллары мөлшерінде айыппұл төлеу қажеттігі туралы шешім шығарды. Ал, И.Храпуновқа қатысты санкцияның мөлшерін оның мінез-құлқының салдарынан болған шығындар туралы бірлескен талапкерлерден қосымша дәлелдер алғаннан кейін анықтайды. Сот сонымен бірге өз шешіміне кез келген апелляция берілген жағдайда, бұл әрекет шешімді өз еркімен орындаудан бас тарту ретінде қабылданатындығы туралы қаулы қабылдады.

Нью-Йорк ісі бірлескен талапкерлер атынан бес жыл бұрын М.Әблязовтың және оның сыбайластарының ұрланған ақшаны АҚШ-та жылыстатқаны үшін айыптауы бойынша басталған болатын. Бүкіл әлем бойынша Соттар анықтағандай, Әблязов жалған несиелер беру арқылы БТА банкінен миллиардтаған доллар ұрлағаны үшін Қазақстанда сотталып, Ұлыбританияның соттарында азаматтық жауапкершілікке тартылған. АҚШ-тағы сот талқылауы барысында талапкерлер Әбілязов жасаған қылмыстарды анықтауға қосымша маңызды дәлелдерін жинап, сондай-ақ осы қылмыстардың көптеген куәлерінің айғақтарын ұсынды. Алқабилердің қатысуымен Нью-Йоркте қаралатын іс 2022 жылдың ақпан айынан басталады деп жоспарлануда.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА

ОҢ ҚАДАМ

ӘНҰРАН РУХТЫ КӨТЕРЕДІ

Тәуелсіздік – тәтті ұғым. Азаттықтың қадірін біліп өскен ұрпақ мемлекеттің дамуы үшін барын береді. Ол үшін отбасындағы, білім ордаларындағы тәрбиеге айрықша маңыз беру керек.

Балабақша табалдырығын аттаған балалар әр күнін тізіліп сапқа тұрып, Әнұран айтудан бастайды. Рас, олардың арасында әлі тілі шықпағаны да, сөздің мағынасын дұрыс түсінбейтіндері де кездеседі. Езуінен еркелік кетпеген балаларды сапқа тұрғызу қандай қиын болса, Әнұран айтылғанда оң қолын жүрек тұсына қойып, әуенге қосылуды түсіндіру одан да күрделі. 2-3 жастағы бүлдіршіндер бастапқыда тәрбиешінің әрекетін міндетті шара ретінде қайталаса, кейіннен бұл әуенде ерекше құдырет, рух барын сатылап түсініп, саналы түрде әрекет жасайды. Әнұранның әуенін ести қалса, қолын жүрек тұсына қою осылайша балалардың күнделікті дағдысына айналады. Отаншылдыққа үйрететін осы бір дағды кейіннен тәуелсіздікті тәу етудің ажырамас бөлігіне айналады.

Ата-аналар баламыз теледидар көріп отырса да, автобуста келе жатса да, Әнұранның әуезді үні естілсе, оң қолын бірден сол жақ кеудесіне қоя қояды деп таңданады. Шындығында, бұл бір күнде қалыптасқан әдет емес. Сол сияқты, отаншылдыққа, елді сүюге, мемлекетті қастерлеуге деген терең түсінік те тәрбиенің, тәлімнің нәтижесінде жүрекке мықтап орнығады.

Тәуелсіздіктің тарихын бала санасына қинап сіңіруге болмайды. Оқы, жатта, сыйла деп бұйыру азаттықтың қадірін арттырмаса керек. Сондықтан бала санасына әсер етудің әдісін дұрыс таңдау маңызды.

Қай-қайсымыз болсақ та ұл-қызымыздың биіктен көрінгенін, Қазақстанның дамуына үлес қосып, елдің атын жақсы жағынан шығарғанын қалаймыз. Көңіл түкпірінде жатқан асыл арманымызды шындыққа айналдыру үшін тәуелсіз елдің жетістіктерін насихаттап, көк Туымызды биікте желбіретіп жүрген ұландарымыз туралы үнемі айтып отырғанымыз жөн. Сонымен бірге, байрақты жарыстарды балалармен бірге тамашалап, қазақстандық спортшыларға бірге жанкүйер болудың пайдасы орасан зор. Мұндай сәттер балалардың спортқа қатысты қызығушылығын тудырып қоймай, Қазақстан атынан додаға шығып жатқан жүйріктеріміз туралы мол мағлұмат алуына көмектеседі. Бұл сондай-ақ, балалардың отандық спортшыларға еліктеп өсуіне, Қазақстанның атын танытсам, қазақтың Әнұранын әлемге тыңдатсам, Туымызды биікте желбіретсем деген асыл армандарының қалыптасуына түрткі болады.

Тәуелсіздікті таныту, тәуелсіздікті бағалау осындай қарапайым қадамдардан тұратынын ұмытпайық.

Шынар МӘЛІККҚЫЗЫ,
Алматы қаласы №166 балабақша тәрбиешісі

№84 (3409)
22 қазан 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Рахила МҰХАМБЕТҚАЛИЕВА, *отставкадағы судья:*

«ЕЛ СЕНІМІ – БИІК МӘРТЕБЕ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Марқұм әкем Совет Мұхамбетқалиев сот жүйесінің ардагері еді. Ол өмірінің 40 жылдан астам уақытын өңірдегі сот органдарында жұмыс істеуге арнады. Мен судьялыққа сайланғанда әкем: «Өз қызметіңе жауапкершілікпен қарап, судьялық мансапта адал, бейтарап және әділ бол!» деп ақ батасын берген болатын. Әке өсиеті менің өмірлік ұстанымыма айналды.

1997 жылы Ақтөбе аудандық сотының судьясы лауазымына тағайындалдым. 2001 жылы Ақтөбе қалалық №2 сотының судьясы, ал 2012 жылдан бастап Ақтөбе облыстық сотының судьясы қызметін атқардым.

Сот саласына қосқан үлесім мен қызметім бағаланып, «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі, ҚР Судьялар одағының «Үш би» құрмет белгісі, ҚР Жоғарғы Соты төрағасының III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалі, ҚР Жоғарғы Соты төрағасының II және I дәрежелі «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісімен марапатталдым.

– Судья болу үшін қандай мінез керек? Барлығы тәжірибемен келетіні белгілі. Дегенмен, сот төрелігін жүргізуде судьяның жеке басында қандай негізгі шарттардың болғанын қалар едіңіз?

– Судьяның ең алдымен адамгершілігі жоғары болу қажет, өз мамандығына, кәсібіне адал, ішкі жан дүниесі таза болғанда ғана жұмыс нәтижелі болады. Мінезі сабырлы, адамды тыңдай білетін, ойлау қабілеті жоғары, қандай жағдайда да өзін қалыпты ұстай алатын судья ғана халық сеніміне ие болады. Егер судьяда осындай қабілет пен қасиет болмаса жұмысы өнбейді, маман ретінде еш беделі болмайды.

– Соңғы кезде мемлекет қоғамды жемқорлардан тазарту мәселесіне ерекше басымдық беріп келеді. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа байланысты нақты сот үкімі шыққан істерге тоқталып өтсеңіз. Жалпы, мұндай деректер көп пе?

– Қазақстан Республикасының құқықтық саясат концепциясында сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қатаң жауаптылыққа тарту қажеттілігі көрсетілген. Бұндай қажетті тәсіл жаңа Қылмыстық кодексте жүзеге асырылған. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасап сотталған адамдарға заңмен шартты түрде жаза тағайындауға тыйым салынған. Сонымен қатар ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасап сотталған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылмайды. Осы заңдарымызды қатаңдатқанына қарамастан, сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлі де азаймай тұр. Сондықтан бұл қылмыстармен бүкіл халық болып күресу қажет.

Ақтөбе облысының соттарымен сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша қаралған істердің статистикалық мәліметіне келсек, 2020 жылы 46 адам сотталған және 6 адам ақталған. 2021 жылдың 1 жартыжылдығында 19 адам сотталған. Осы сотталған адамдардың көбісі лауазымды адамдарға пара бергені үшін, пара алғандары үшін, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген адамдар бола тұра, өз қызметтерін пайдаланып алаяқтық жасағандары үшін және басқа да сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағандары үшін сотталған. Сотта қаралған істердің біріне тоқтала кетейін. Сот үкімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің қызметкері «А» деген азамат өзінің қызметтік бабын пайдаланып, «Б» деген азаматқа мемлекетке бережақ салықтарын азайтып беруге көмектесем деп сеніміне кіріп және алдап, 60 миллион теңге ақшасын жымқырып алғаны үшін кінәлі болып танылған. Осы іс-әрекеті үшін «А» Қылмыстық кодекстің 190-бабының 4-бөлігі 2-тармағымен, 28-бабы 4-бөлігі, 367-баптың 4-бөлігі, 58-баптың 3-бөлігі негізінде 12 жылға бас бостандығынан айырылды. Бұл жерде сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресетін органның қызметкері өзі қылмыс жасап сотталып отыр. Әр органда мұндай жағдайлар кездеседі, бірақ барлық қызметкерлер сондай деп үзілді-кесілді айтып көпке топырақ шашуға да болмайды.

– Адам тағдырын шешіп, оған төрелік айту оңай емес. Бұл жолда ағаттыққа да жол жоқ. Судьялық қызметіңізде ерекше есте қалған істер туралы айтып берсеңіз.

– Бұл іс өткен жылы қаралған еді. Ж. есімді сотталушы ақша не болмаса құнды заттарды жымқыру мақсатымен жәбірленуші Д.-ның үйінің жертөлесінің терезесін сындырып, үйге заңсыз кірген. Кейін бөлмелердің ішін аралап жүріп, ұйықтап жатқан кісіні үй иесі деп ойлап, оның денесіне жертөледегі асханадан алған пышақты бірнеше рет сұққан. Ол марқұмды мүлікті иемдену, алу барысында ұйқыдан оянып кетіп, өзіне кедергі болады деп ойлаған. Марқұм кеуде қуысына, жүрегіне, іш аймағына, басына тиген соққыдан қайтыс болған. Сондай-ақ сотталушы үйдің иесі Д. мен оның балаларын көріп, пайдакүнемдік ниетпен пышақпен қаруланып, адамның өміріне, денсаулығына қауіпті күш қолдану қатерін төндіріп, оларға шабуыл жасаған. Сот үкімімен сотталушы Қылмыстық Кодекстің 192-бабы 2-бөлігі, 99-баптың 2-бөлігі, 58-баптың 4-бөлігі негізінде 20 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталды. Бұл жерден қандай ой түюге болады?! Ата Заңымызға сәйкес, әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің де адамды өмірінен айыруға құқығы жоқ. Мұндай жағдайда заң да барынша қатал болуы тиіс.

– Сот құрылымына қатысты жиі сын айтылады. Оған қалай қарайсыз?

– Соттың, судьяның жұмысына үнемі сын айтылады. Ол қалыпты жағдай деп есептеймін. Себебі, сотқа дау екі тараптан түседі. Азаматтық іс болса – талапкер мен жауапкер, қылмыстық іс бойынша – қылмыстық жауапқа тартылушы мен жәбірленуші. Сот осы тараптар арасындағы дауды заң талабымен шешеді. Сондықтан бір тарап жеңіліс табады. Ал жеңілген тарап міндетті түрде сот шешіміне риза болмайды, сондықтан сын айтылады.

Сырттан қараған адамға жеңіл көрінгенімен, судья жұмысы үнемі ізденісті, өзіңді жетілдіруді және адамдармен жұмыс жасау жолдарын зерттеуді қажет етеді.

– Соңғы кезде істі сотқа жеткізбей, медиация арқылы шешу жиі насихатталады. Судья ретінде бұл қаншалықты тиімді деп ойлайсыз? Қылмыстық істерде медиацияны қолдану қаншалықты маңызды?

– 2011 жылы «Медиация туралы» заңның күшіне енуімен басталған медиация институты өміршеңдігін көрсетіп отыр. Медиация сот жүйесіндегі ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетіп, соның арқасында істер оңтайлы шешілуде. Заң саласындағы бұл реформа өз деңгейінде жасалғанын, дауларды шешуде оңтайлы әдіс екенін дәлелдеуде.

Медиация институтының дамуына ҚР Жоғары Соты тарапынан үлкен мән беріліп, 26.01.2017ж. ҚР Жоғарғы Соты төрағасының өкімімен «Даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы ереже» бекітілді.

Медиация – үшінші тараптың араласуымен дауды шешудің нақты жолына айналған жаңа сала.

Қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдану сотқа дейінгі тергеу әрекеттері жүрген кезде де, қылмыстық істер сотта қаралғанда да қолданылады. Медиация арқылы қылмыстық іс тараптар татуласуымен тоқтатылғанда қылмыскер жазадан ақталмайтын негіздер бойынша босатылатынын түсіну керек. Медиацияның маңызды жағы – қылмысқа тартылған адамды одан әрі қате баспауға, түзу жолдан жаңылыспауға тәрбиелеу.

– Рахила Советқызы, сіз қарапайым сот хатшысынан облыстық соттың судьясына дейінгі еңбек жолынан өттіңіз. Заман да өзгерді, адам да өзгерді. Соңғы кезде қандай қылмыстық істердің көбейгенін байқадыңыз?

– Күн сайын жол-көлік оқиғасы көптеген адамның өмірін қиып жатады. Жол-көлік оқиғаларына бірден-бір кінәлі – көліктерін алкогольдік және масаң күйде басқарған жүргізушілер. Осыған сәйкес, Қылмыстық кодексте заң шығарушы орган көліктегі құқықбұзушылықтар бойынша жазаны күшейтті. Атап айтсақ, Қылмыстық кодекстің 346-бабының 1-бөлігі бойынша көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы не көлік құралын басқаруды осындай адамға беруі, сол сияқты осындай адамның көлік құралын басқаруына лауазымды адамның немесе көлік құралы меншік иесінің жол беруі айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу жазаларымен қатар бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Әрі қай жаза қолданылса да, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру міндетті түрде қолданылатын қосымша жаза.

Осы орайда талай адамның тағдырына балта шапқан жол-көлік оқиғасына байланысты құқық бұзуға жаза қатайғаны құптарлық іс деп есептеймін.

Алайда осыған қарамай жыл сайын осындай қылмыстар саны артып келеді.

Статистика мәліметтері бойынша, 2020 жылы Қылмыстық кодекстің 346-бабымен барлығы 170 қылмыстық іс қаралған, сол жылдың бірінші жартыжылдығында осы баппен 27 іс қаралса, 2021 жылдың осындай кезеңінде 73 іс қаралған, оның бесеуі әйелдерге қатысты.

Әсіресе, осы қылмыстық құқықбұзушылық бойынша жауаптылыққа тартылғандардың арасында жасы үлкен адамдардың көптігі, жауаптылықты сезінбейтіндігі жүректі қынжылтады.

– Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға рақмет! Еңбегіңіздің зейнетін көріңіз!

Әңгімелескен
Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет — дүниежүзі бойынша экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымның маңызды бір бөлігі. Өйткені, дамыған елдерде мемлекеттік әкімшілік жоғары тиімділігімен ерекшеленеді. Сондықтан кез келген мемлекеттің жетістігі мен гүлденуі мемлекеттік қызметшілерінің тиімді және кәсіби қызметіне негізделеді. Осыған байланысты оны жетілдіру мәселелеріне мемлекеттің басшылығы тарапынан ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы жақсарып, сонымен қоса қызметкерлерге қойылатын талаптар да жоғарылап келеді.

Осы орайда мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез келген саласының дамуы – бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегіне тікелей байланысты деп айта аламыз. Сондықтан, Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Елбасымыз заманауи, стратегиялық міндеттерді тиімді іске асыратын мемлекеттік аппаратты құру мәселесін назарынан тыс қалдырмады.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік қызмет институциялануының бастамасы ретінде 1995 жылы қабылданған заңдық күші бар «Мемлекеттік қызмет туралы» Президент Жарлығын айтуға болады. Осының негізінде Тәуелсіз Қазақстанның жаңа жағдайдағы саяси бағытын сапалы жүзеге асыра алатын мемлекеттік аппарат құру бағытында жұмыс жүргізіле бастады. Жаңа ғасырда – Қазақстанның алдында мықты экономикалық саяси және әлеуметтік жүйені қалыптастыру бойынша жаңа міндеттер тұрды. Заман талабына жауап беретін қоғам алдында есеп беру ұстанымдарына негізделген мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуын 1999 жылы қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы қамтамасыз етті. Аталған заңға сәйкес, елдің бірыңғай кадрлық саясаты қалыптасты. Ал ең басты міндетті конкурстық іріктеуді енгізу арқылы азаматтардың мемлекеттік қызметке түсудегі қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша конституциялық құқықтары жүзеге асырыла бастады.

Бүгінгі күні елімізде мемлекеттік қызмет толығымен жаңартылып, заман ағымына орай реформаланды. Қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайтын «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру» бөлігіне 15 қадамның енгізілуі мемлекеттік қызметтің маңыздылығын көрсетеді.

Ұлт жоспарына сәйкес, 2015 жылдың 23 қарашасында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заңы қабылданып, мемлекеттік аппараттың қызметін үйлестіретін заңнамалық база толығымен жаңартылып, меритократия принципіне негізделген мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне ауыстырылды. Осы Заң Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кіруге, оны өткеруге, тоқтатуға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайын, материалдық қамтамасыз етілуі мен әлеуметтік қорғалуын, сондай-ақ, өзге де адамдардың мемлекеттік органдардағы қызметі мәселелерін айқындайды.

Мемлекеттік қызметшілер – билік пен қарапайым бұқара халықтың арасын жалғайтын алтын көпір. Яғни мемлекеттік қызметші мемлекеттік биліктің айнасы секілді. Оның ар-ожданы биік, әділетті, талантты ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігін қоғам бағалайды. Халық сенімі мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметті қаншалықты сапалы көрсеткендігіне қарап нығаяды. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өз орнында халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейтесті мәселелерін заң шеңберінде шешуі талап етіледі. «Қазақстан–2050» Стратегиясында қазақстандық мемлекеттік қызметті дамытудың мынадай маңызды басымдықтары айқындалған: мемлекеттік қызметтің кадр құрамын сапа жағынан жақсарту, іріктеу мен кәсіби дайындық әдістемелерін жетілдіру; «А» корпусының білікті басқарушыларының қағидатты жаңа буынын қалыптастыру; меритократия принципін енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту.

Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Әрбір мемлекеттік қызметші осы қағиданы еш уақытта ұмытпауы тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс барысында басты құралы болып табылатын жаңа Әдеп кодексі қабылданды. Бұл жауапкершілік жүгін арттыратын, талаптар ауқымын белгілейтін маңызды құжат. Ол мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық келбетін ғана емес, сондай-ақ олардың өзін-өзі ұстау мәнерінің базалық стандартын белгілейді. Мемлекеттік қызметші іс-әрекетіне жауаптылықпен қарап, жоғары орындаушылық, өзіне және әріптестеріне талап қоя білу, тәртіптілік және мүлтіксіз адамгершілік қасиеттеріне ие болуы тиіс. Мемлекеттік қызметшінің сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы, әдептіліктің белгісі. Олардың моральдық-этикалық бейнесі мен кәсіби сапасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі жоғары талап қояды. Мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отанына адал да қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді. Қорыта айтарым, бәсекеге қабілетті ел болу үшін әр мемлекеттік қызметші тер төге жұмыс жасауы тиіс. Сонда ғана біз дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекет аппаратын құратын боламыз.

Қ.БАЙМАҒАНБЕТОВ,
Арал аудандық сотының жетекші маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

САРАП

ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМІ ҚАНДАЙ?

2020 жылғы маусымда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (ӘРПК) қабылданды. Бұл Қазақстанннның құқықтық жүйесінде маңызды реформалардың бірі болды. Ол 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енді.

Әкімшілік сот ісін жүргізуді мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар жүзеге асырады.

Әкімшілік сот ісін жүргізу мерзімдері кодексте нақты белгіленген. Сотқа талап қоюдан бастап сот шешімі орындалғанға дейінгі сот ісін жүргізу мерзімдері осы кодексте көрсетілген мерзімдерге сай жүргізілуі тиіс.

ӘРПК-нің 136-бабының талаптарына сәйкес дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы талап қоюлар шағымды қарайтын органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа жіберіледі.

Құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері әкімшілік актіде қозғалатын, әкімшілік рәсімге қатыспаған адам әкімшілік актінің қабылданғаны туралы адам білген немесе білуі мүмкін болған күннен бастап бір ай ішінде, ол қабылданған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей сотқа талап қоюға құқылы.

Шағымды қарайтын органға шағым берген адам шағым бойынша шешім табыс етілген кезден бастап бір ай ішінде не шағымды қарау мерзімі өткен соң, егер шағым бойынша шешім қабылданбаса, талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Дәлелді себеппен өткізіп алынған талап қоюға арналған мерзімді сот ҚР Азаматтық процестік кодексінің қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін.

ӘРПК-нің 138-бабының 5-бөлігіне сәйкес судья жауапкерді ҚР Азаматтық процестік кодексінің талаптарына, әкімшілік іске (бар болса) сәйкес дайындалған және ресімделген жазбаша пікірді он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беруге міндеттейді.

ӘРПК-нің 139-бабының 2-бөлігіне сәйкес талап қоюмен бір мезгілде келіп түскен талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды судья талап қою арызы келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

ӘРПК-нің 143-бабының 1-бөлігіне сай уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына, сондай-ақ сот орындаушыларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы әкімшілік істер бойынша алдын ала тыңдау сотқа талап қою берілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

ӘРПК-нің 146-бабының талаптарына сәйкес әкімшілік іс ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімдерде қаралады және шешіледі.

Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына және сот орындаушысының әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы әкімшілік істер оған сот отырысында талқылау тағайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады және шешіледі.

ӘРПК-нің 148-бабының 1-бөлігіне сәйкес сот тараптардың келісімімен әкімшілік істі жазбаша талқылауда ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қарауға құқылы.

Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

ӘРПК-нің 151-бабына сай дауды мәні бойынша шешетін сот актісі шешім нысанында шығарылады. Шешім қысқаша нысанда шығарылуы мүмкін.

Шешім әкімшілік істі талқылаудан кейін шығарылады және ауызша талқылау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей дайындалады. Айрықша жағдайларда әкімшілік істің күрделілігі ескеріле отырып соттың шешімі ауызша талқылау аяқталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей дайындалады.

ӘРПК-нің 153-бабының 3-бөлігіне сәйкес сот тараптардың өтінішхаты бойынша, бірақ соттың қысқаша шешімі табыс етілген кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей шешімді дайындауға міндетті. Толық шешімнің мәтіні осындай өтінішхат келіп түскен кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей дайындалады.

ӘРПК-нің 168-бабының 2-бөлігіне сай заңды күшіне енбеген соттың шешімдеріне әкімшілік процеске қатысушылар апелляциялық шағым беру арқылы апелляциялық тәртіппен түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап екі ай ішінде шағым жасауы мүмкін. Прокурордың апелляциялық өтінішхаты осы кодекстің 31-бабында көзделген әкімшілік істер бойынша түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап екі ай ішінде берілуі мүмкін.

Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымына жекеше шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

Уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына және сот орындаушыларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы әкімшілік істер бойынша апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде берілуі мүмкін.

Апелляциялық саты сотындағы әкімшілік іс ақылға қонымды, бірақ ол сотқа келіп түскен күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қаралады және шешіледі.

Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

ӘРПК-нің 169-бабының талаптарына сәйкес соттың заңды күшіне енбеген шешімдері мен ұйғарымдарына әкімшілік процеске қатысушылар кассациялық шағым беру арқылы кассациялық тәртіппен апелляциялық сатының түпкілікті нысандағы сот актісі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде шағым жасай алады.

Прокурордың кассациялық өтінішхаты осы кодекстің 31-бабында көзделген әкімшілік істер бойынша түпкілікті нысандағы шешім шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Заңды күшіне енген, оның ішінде татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсімді реттеу тәртібімен аяқталған әкімшілік істер бойынша сот актілері Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының өз бастамасы бойынша да, осы баптың екінші бөлігінде аталған адамдардың өтінішхаттары бойынша да келтірілген, оған осы кодекстің 31-бабында көзделген әкімшілік істер бойынша берілген наразылықтары бойынша заңды күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде қайта қаралуы мүмкін.

ӘРПК-нің 171-бабына сәйкес соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде орындау үшін жауапкерге жібереді.

Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауы тиіс.

Н.БАКТЫГАЛИЕВ,
Темір аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

Жуырда Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментінің баспасөз залында Рухани келісім күні аталып өтілді. Айтулы шараға Түркістан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінде облыстық Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» мамандары қатысты.

РУХАНИ КЕЛІСІМ – БЕЙБІТШІЛІК КЕПІЛІ

Тәуелсіз Қазақстанның 30 жыл ішінде қол жеткізген маңызды жетістіктерінің бірі ұлтаралық және дінаралық келісімге негізделген әлеуметтік тұрақтылық.

Аталған жиында сөз алған ҚАЖ департамент бастығының міндетін атқарушы Айдар Нұрсеитов осы жылдар ішінде өзімізге тән тамаша дәстүрлердің қалыптасқанын тілге тиек етті.

«Рухани келісім мерекесі – халықтардың татулығы мен бірлігін нығайтатын күн. Бұл мерекенің біз үшін маңызы өте зор. Еліміз бүгінгі күннің биігіне осындай берекелі бірліктің арқасында жетті. Рухани келісім – біздің ұлтымызға тән үлкенді сыйлау, отбасына құрмет, балаларға қамқорлық, қонақжайлылық, татулық, достық, ауызбіршілік тәрізді ізгі ортақ құндылықтар берік орнықты. Халқымыздың татулығы мен бірлігі – еліміздің өркендеп, алға басуына себеп болады. Осы байлығымызды қадірлей білу, оны жас ұрпақтың жүрегіне ұялату еліміздің жарқын болашағының кепілі болмақ», – деген Айдар Нұрсеитов әлемдегі дәстүрлі діндердің барлығы да адамзат атаулыны бейбітшілікке үндейтінін атап өтті.

Ресми құттықтау салтанатты марапатқа ұласты. Жазасын өтеушілер арасындағы теріс діни ағымды ұстанушы сотталғандардың оңалуына өз үлестерін қосқаны және қызмет барысында ҚАЖ қызметкерлеріне бірқатар тәжірибелік көмектер көрсеткені үшін Түркістан облысының Дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Нұрбол Шынасылов, орталықтың бөлім басшысы Қайрат Салықбаев және теолог маманы Ілияс Нағызхан алғыс хатпен марапатталды.

Раушан НАРБЕК

БІЛГЕН ЖӨН

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ҚАҒИДАЛАРЫН БҰЗУ– ҚЫЛМЫС

Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария қағидаларын бұзу немесе еңбекті қорғау қағидаларын сақтамау – қылмыс. Егер де осындай шарттылықтарға жауапты адам абайсызда денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіруге әкелетін жағдайға тап болса – 160 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 40 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы тағайындалады.

Абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соққан іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айырады. Және оған 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға шешім шығарылады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда адам өліміне әкеп соққан іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыруға немесе бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыруға немесе жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалайды. Сондықтан қандай қызметте болса да, еңбек қауіпсіздігі алдыңғы орында болуы тиіс және оған жауапты басшылық немқұрайдылыққа жол бермеуі керек. Егер ондай келеңсіздіктер орын ала қалса, онда міндетті түрде бақытсыздыққа алып барады. Ендеше, еңбек қауіпсіздігі жұмыс берушіге де, оны орындаушыға да маңызды.

Марем АЛБАКОВА,
Ақмола облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

Мұнай бағасының өсуі кезінде теңгенің рубльге қатысты әлсіреуі туралы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Әлия Молдабекованың негізгі тезистері

Ә. Молдабекова

СОҢҒЫ УАҚЫТТА РУБЛЬГЕ ҚАТЫСТЫ ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘЛСІРЕГЕНІ БАЙҚАЛАДЫ. РУБЛЬ/ТЕҢГЕ ЖҰБЫНЫҢ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ РУБЛЬ ҮШІН 6 ТЕҢГЕ БОЛАТЫНДАЙ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ ҚАРАЙ ЫҒЫСА БАСТАДЫ.

Осы жылдың екінші тоқсанында басталып, соңғы уақытта қарқын алған рубльдің теңгеге қатысты нығаю себептері туралы

Шынында да, биыл екінші тоқсанның ортасынан бастап теңгенің Ресей рубліне қатысты айырбастау бағамы біршама әлсіреді. Қазіргі баға белгілеу жұмада бір рубль үшін 5,98 - 6 теңге деңгейінде болып отыр. Ұлттық валютаның Ресей рубліне қатысты байқалып отырған әлсіреуі бірқатар объективті себептерге байланысты.

Біріншіден, бірнеше рет атап өткеніміздей, экономикалық белсенділіктің қайта жандануы және кейінге қалдырылған сұраныстың іске асырылуы – импорттың өсуіне әкеледі. Ресей Федерациясының жалпы импорттағы үлесі жоғары деңгейде болып, 2021 жылғы қаңтар-тамызда 40,7%-ды құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6,3 пайыздық тармаққа жоғары.

Екіншіден, жалғасып келе жатқан фискальды ынталандыру мен қолда бар кірістің артуы аясында бизнес пен халық тарапынан сұраныс өскенде Ресей тауарларының импорты ұлғайғаны байқалады. Ресейден импорт биыл екінші тоқсанның қорытындысы бойынша 2020 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 36,1%-ға ұлғайып, 4,2 млрдАҚШ долларына жетті, ал осы жылғы екінші тоқсанда ұқсас көрсеткіш 2,4% болған еді.

Осылайша, Ресей тауарларының импортына артқан ішкі сұраныс теңгенің рубльге қатысты бағамының тепе-теңдігін әлсіреу жағына қарай ығыстыруға әкеледі.

Қазақстанның қор биржасында теңге-рубль жұбымен биржалық сауда-саттық көлемінің ұлғайғаны да Ресей рубліне сұраныс өскенін білдіреді: мәселен, 2021 жылғы 1-тоқсанның ішінде сауда-саттықтың орташа көлемі бір айда 1,9 млрд рубль болды, ал осы жылғы 3-тоқсанда ол 5,2 млрд рубльге дейін өсті. Сонымен қатар айырбастау пункттерінде жылдың басынан бастап рубльді нетто-сатудың 26,6%-ға өскені байқалады.

Сыртқы факторларды да қосымша атап өткім келеді. Жекелеген елдердің өндіруді ұлғайтуды кешіктіруі теңге үшін де, рубль үшін де қолдау болып табылатын мұнайдың бағасына жаңа серпін береді. Мәселен, дүйсенбіде мұнай бағасы Ангола, Нигерия мен Әзірбайжанда өндіруді ұлғайтудағы кідірістерге байланысты ОПЕК+ өндірісін 15%-ға қысқарту жоспарын асыра орындау туралы хабарламалар аясында бір баррель үшін 86 доллардан асты. Газдың жоғары бағасы және шетелдік инвесторлардың Ресей Федерациясының борыш нарығына қызығушылығының артуы да мұнайдың жоғары бағасына қосымша Ресей рубліне қолдау көрсетеді. Соңғы 4 айда бейрезиденттердің РФ ФҚО-ға (федералды қарыз облигациялары) салымдарының деңгейі артып, 2021 жылғы қыркүйектің басында 21,4%-ға жетті.

Ұлттық Банк теңгенің рубльге қатысты паритетін таргеттемейтінін, рубль/теңге жұбының бағамы бұдан әрі де нарықтық жағдайларға байланысты қалыптасатынын да атап өткен жөн.

Ресей тауарлары импортының өсу жағдайында байқалған макроэкономикалық әсерлер туралы

Ресей тауарларына ішкі сұраныстың артуы теңгенің айырбастау бағамына ғана қысым көрсетіп қоймай, сондай-ақ Ресейден жылдамдаған инфляция импорты арқылы Қазақстанда тұтыну бағасының қосымша өсуіне алып келеді. Ресей Федерациясында инфляция қыркүйекте 2020 жылғы желтоқсандағы 4,9%-дан соңғы 5 жылдағы рекордтық 7,4%-ға дейін өсті. Қыркүйекте Ресейде азық-түлік инфляциясының деңгейі 9,2%-ға дейін өсті, бұл да Қазақстандағы азық-түлік инфляциясының өсуіне әсер етті.

Ресейден келетін импорт көлемінің өсуі аясында орын алатын теңгенің рубльге шаққандағы айырбастау бағамының әлсіреуі және инфляция импорты Қазақстан экономикасы мен сыртқы сауданың қалыптасқан құрылымын көрсетеді және мұнай нарығының оң серпініне қарамастан, теңгенің әлсіз нығаю себептерінің бірі болып табылады.

2021 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА 22,8 МЫҢ ӨЛШЕНГЕН ҚҰЙМА САТЫЛДЫ

2021 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында екінші деңгейлі банктер мен банктік емес айырбастау пунктерінен жалпы салмағы 822,9 кг өлшенген 22 837 құйма сатылды. Қыркүйек айында өткен 2 578 құйманың жалпы салмағы – 108,3 кг.

Халық үшін тазартылған алтын құймаларын сату және сатып алу бағдарламасын (бұдан кейін –Бағдарлама) Ұлттық Банк 2017 жылы іске қосқан болатын. Бағдарлама іске қосылғаннан бері жалпы салмағы 2,4 т. 65 416 алтын құйма сатылды.

Алтын құймалардың бес түрі сатылады: 5,10,20,50 және 100 г салмақтағы құймалар. Ал сатып алушылар арасында ең көп сұранысқа ие құйма – 10 грамдық құйма. Оның жалпы сатылым көлеміндегі үлесі 29% немесе 18 672 дана.

Одан кейін халық көп сұрайтын құйма түрі – салмағы 100 грамдық құйма.Бағдарлама басталғаннан бері 15 001 дана (23%) сатылды, кейін 20 граммдық құймадан – 12 750 дана (19%), 5 граммдық құймадан – 10 933 дана (17%), 50 граммдық құймадан – 8 000 (12%) дана сатылды. Көбінесе, алтын құймалар Алматы, Нұр-Сұлтан және Атырау қалаларының тұрғындары арасында сұранысқа ие.

Жалпы, алтын құймалар инвестицияның сенімді құралы бола алады. Алтын құймалар нарығындағы жоғары сатылымды қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі – екінші деңгейлі банктер мен банктік емес ұйымдар тұтынушыға ақшаны тапсырған күні төлеп, алтын құйманы кері сатып ала алады.

Бағдарлама іске қосылғаннан бері Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары жалпы салмағы 21,9 кг өлшенген 229 құйманы кері сатып алуға қабылдады. Солай бола тұра, екінші деңгейлі банктер мен жекелеген банктік емес айырбастау пунктері жалпы салмағы 236,9 кг өлшенген 9 484 құйманы кері сатып алған, бұл жалпы құймалардың 14%-ын құрайды. Қабылданған құймалардың барлығы дерлік Ұлттық Банктің аумақтың филиалдарына қайтарылмастан халыққа сатылады.

Әрбір алтын құйма оны қорғап тұратын элементтермен (құймалардың беті қапталып, микротекси жазылады және рельефт жиегі салынады) және арнайы қорапқа салынып жасалады, қорап құйманы механикалық тұрғыда қорғайды, әрі қорап ашылған-ашылмағанын оңай тексеруге болады. Қорап, сондай-ақ, сапа сертификатына да жауап береді. Сондықтан, құйманы дұрыс сақтап, қорабын бүлдірмеген жөн.

Қазіргі таңда алтын құймаларды Halyk Bank, Еуразиялық банк, Jusan Bank, БанкЦентрКредит және банктік емес айырбастау пунктерінен сатып алуға және кері сатуға болады.

ТАРАТУ

4.«Шетелдегі Қазақтардың байырғы ән-күйлері» қоғамдық қоры, БСН 101140005413, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап – шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Әбдиев көшесі, 136 үй.

10. «АксайСпецТрансСтрой» ЖШС, БСН 170940003298 (БҚО, Ақсай қаласы, 4 ықшамаудан, 3 үй, 22 пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, 8 наурыз көшесі, 129 үй, 54 пәтер. Тел.: +77017810965, 8(7132)962454.

11.«Алма Текс-КО» ЖШС, БСН 130340022344, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша: Қызылорда қаласы, С.Есқараев көшесі, 9 үй мекенжайында қабылданады. Тел.+77751587530.

19. «Айборан» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 170440016757, өзінің таратылғандығын хабарлайды. Талап – шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы Шиелі ауданы, Жөлек ауылы, Досбол датқа көшесі, 5 үй.

22.«BRIF Market Intelligence (БРИФ Маркет Интеллидженс)» ЖШС, БСН 010240006720, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050004 (A25E1E4), Алматы қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50, 6 қабат. Тел.: +7(727)347-00-56.

23. «Dechert Kazakhstan Limited» (Декерт Казахстан Лимитед) компаниясының филиалы, БСН 120441012473, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 77 үй, пошталық индексі 050000,

25.«Болат Ж А Н» ЖШС, БСН 180340012099, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 46/3 үй, 7 пәтер.

26. «M-Group Security» ЖШС, БСН 210840007336 (Қарағанды қаласы, Октябрь ауданы, «Восток-3» ықшамауданы, 15 ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 29/3. Тел.: 87018332402.

27.«Тағзым қоғамдық қоры» ЖШС, БСН 130840004552, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Абай ауданы, Жүрекадыр ауылы, Ақтанберді көшесі, ғимарат 59. Тел.: 87757293610.

МҰРАГЕРЛІК

28. 25.05.2021 ж. қайтыс болған Бакашы Нурмамедтің атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге Түркістан қаласының нотариусы Байсбаев Е.Е. хабарласуды сұраймын: Түркістан қ., 1 мөлтекаудан, С.Ерубаев к.,12 үй, 26 пәтер. Тел. 8 701 731 47 66 хабарласу қажет.

29. 04.09.2021 ж. қайтыс болған Хайдарова Клара Зайидинованың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласы, С.Ерубаев көшесі, 199Л үй мекенжайы бойынша нотариус П.А. Айдарбековаға келуі қажет. Тел.: 87011721304.

30. 15.09.2021 ж. қайтыс болған Өтебек Орынша Момбекқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төртқөл ауылы, Қонаев көшесі, 2/2 кеңсесі мекенжайы бойынша нотариус Н.К. Өмірбайға келуі қажет. Тел.: 87014561853.

ӘРТҮРЛІ

5.«БУХТАРМА ТЕПЛОЭНЕРГО» ЖШС, БСН 051140003534, несиегерлер мен басқа да мүдделі тұлғаларға өзінің ерікті түрде («Бухтарма Водоканал» ЖШС-мен тең жағдайда, БСН 060240018892) «Центр-Цемент плюс» ЖШС-не, БСН 051040004112, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 070818, Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Октябрьский кенті, Шоссейная көшесі, 4/1 ғимарат.

6.«Бухтарма Водоканал» ЖШС, БСН 060240018892, несиегерлер мен басқа да мүдделі тұлғаларға өзінің ерікті түрде («БУХТАРМА ТЕПЛОЭНЕРГО» ЖШС-мен тең жағдайда, БСН 051140003534) «Центр-Цемент плюс» ЖШС-не, БСН 051040004112, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 070818, Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Октябрьский кенті, Шоссейная көшесі, 4/1 ғимарат.

7.«Центр-Цемент плюс» ЖШС, БСН 051040004112, несиегерлер мен басқа да мүдделі тұлғаларға өзіне екі заңды тұлғаны: «БУХТАРМА ТЕПЛОЭНЕРГО» ЖШС (БСН 051140003534) мен «Бухтарма Водоканал» ЖШС-н (БСН 060240018892) қосып алу арқылы өзінің ерікті түрде қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, 85-көше, 9/1 ғимарат.

8.«Оңалту және активтерді басқару компаниясы» акционерлік қоғамы, БСН 011140002427, «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамына, БСН 120140005984, қосылу жолымен оны қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Нұр-Сұлтан қ., Абай даңғылы, 22 (нақты мекенжайы: Нұр-Сұлтан қ., Сейфуллин, 27) мекенжайы бойынша қабылданады.

9. «РОСТА Нефть» ЖШС, БСН 130840009880, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Астана ауданы, Әбілхайыр хан даңғылы, 44Б, №14 кабинет.

12. «Азия-Мост» БИЗНЕС ОРТАЛЫҒЫ» бірлескен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бөлініп шығу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050057, Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42/15, 15 павильон, жертөле қабаты, 2 кеңсе. Тел.: 8(727)269-54-81, 269-54-21.

13.«Леруа Мерлен Казахстан» ЖШС (БСН 160940027362) өзіне «Леруа Мерлен Казахстан Инвест» ЖШС-нің (БСН 190840004692) қосылуы арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 77, «ParkView» БО, 6 қабат, №07 кеңсе.

14.«Леруа Мерлен Казахстан Инвест» ЖШС (БСН 190840004692) өзінің «Леруа Мерлен Казахстан» ЖШС-не (БСН 160940027362) қосылуы арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 77, «ParkView» БО, 6 қабат, №07 кеңсе.

21.«Оңтүстік-Қазақстан медицина академиясы» АҚ
төменде көрсетілген профессорлық-оқытушылар құрамының
бос орындарына конкурс жариялайды:

1.	Кафедра доцентіне :		
-	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	-	1 бірлік
2.	Кафедра ассистенттеріне:		
-	Ішкі аурулар пропедевтикасы	-	2,0 бірлік
-	Жұқпалы аурулар және дерматовенерология	-	3,0 бірлік
-	Жалпы тәжірибелік дәрігер - 1	-	2,0 бірлік
-	Педиатрия - 2	-	4,0 бірлік
-	Педиатрия - 1	-	1,0 бірлік
-	Хирургиялық және ортопедиялық стоматологиясы	-	3,0 бірлік
-	Терапиялық және балалар стоматологиясы	-	4,0 бірлік
-	Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі	-	2,0 бірлік
-	Терапия - 1	-	1,0 бірлік
-	Хирургия - 2	-	1,0 бірлік
-	Фтизиопульмонология және радиология	-	2,0 бірлік
-	Клиникаға кіріспе	-	4,0 бірлік
-	Неврология, психиатрия және психология	-	1,0 бірлік
3.	Кафедра аға оқытушыларына:		
-	Қалыпты және патологиялық физиология	-	3,0 бірлік
-	Гигиена және эпидемиология	-	3,0 бірлік
-	Дәрілер технологиясы	-	2,0 бірлік
-	Фармацевтикалық және токсикологиялық химия	-	1,0 бірлік
-	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	-	8,0 бірлік
-	Шет тілдері	-	2,0 бірлік
-	Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер	-	5,0 бірлік
-	Қазақ, орыс және латын тілдері	-	3,0 бірлік
4.	Кафедра оқытушыларына:		
-	Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық	-	1,0 бірлік
-	Микробиология, вирусология және иммунология	-	4,0 бірлік
-	Қалыпты анатомия	-	3,0 бірлік
-	Патологиялық анатомия және гистология	-	2,0 бірлік
-	Қалыпты және патологиялық физиология	-	5,0 бірлік
-	Гигиена және эпидемиология	-	2,0 бірлік
-	Биология және биохимия	-	5,0 бірлік
-	Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология	-	8,0 бірлік
-	Фармацевтикалық және токсикологиялық химия	-	3,0 бірлік
-	Фармация ісін ұйымдастыру және басқару	-	1,0 бірлік
-	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	-	4,0 бірлік
-	Шет тілдері	-	2,0 бірлік
-	Қазақ, орыс және латын тілдері	-	1,0 бірлік
-	Дене шынықтыру	-	4,0 бірлік

Профессорлық-оқытушылар құрамының бос лауазымдық орындарына конкурс «ОҚМА» АҚ-ның www.ukma.kz сайтында жарияланған «ОҚМА» АҚ-ның «Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос орындарына конкурс Ережелері» және «Жұмысқа қабылдау кезінде ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін лауазымдық біліктілік сипаттамалары мен талаптары» құжаттарындағы талаптарға сай жүргізіледі.

Құжаттар конкурс жарияланған күннен бастап 30 күн ішінде тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа құжаттар төмендегі мекенжайда қабылданады: 160019, Шымкент қ., әл-Фараби алаңы, 1, № 424 каб.

Конкурс комиссиясы: тел. моб.: 8 778 142 92 10, эл.почта: mutalipova100@mail.ru

15.«Алтын бастау» Кредиттік серіктестігі» ЖШС, БСН 131240013939, «Сейф-Ломбард» ЖШС қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды, БСН 090440011332. Шағымдар мен кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050060, Алматы қ., Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 276в үй».

20.«НИМЭКС-Транс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 051040004112 несиегерлер мен басқа да мүдделі тұлғаларға өзінен екі ЖШС-нің: «НТ-Сауда» ЖШС, мекенжайы: Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, «Сәуле» ықшамауданы, Ынтымақ көшесі, 45 және «Алтын Жағажай» ЖШС, мекенжайы: Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Шардара су қоймасы жағалауы, 26 ғимарат, бөлініп шығуы арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, «Сәуле» ықшамауданы, Ынтымақ көшесі, 45.

16.«Сейф-Ломбард» ЖШС облигацияларын орналастыру туралы ақпарат

Эмитенттің толық атауы: «Сейф-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Эмитенттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 276В үй, пошта индексі 050060.

Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 15 қыркүйек 2021 жыл.

Бағалы қағаздардың түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.

Шығарылымның жалпы көлемі: 3 000 000 000 теңге.

Орналастырылатын облигациялардың саны: 3 000 000 дана.

Купондық мөлшерлеме: жылдық 14%, тіркелген.

Бір облигацияның номиналды құны: 1 000 теңге.

ISIN: KZ2P00008097.

Купондарды төлеу кезеңділігі: жылына 4 рет (тоқсан сайын).

Төлеу тәсілі: ақшамен, қолма-қол ақшасыз нысанда.

Облигациялардың айналым мерзімі: 3 жыл.

Орналастыру бағасы: орналастыру бағасы облигациялар шығарылымын орналастыру кезінде өтінім берген инвесторлар тарапынан сұранысқа байланысты айқындалатын болады.

Орналастыру орны: «Қазақстан қор биржасы» АҚ.

Сауда-саттықтың ашылу күні: сауда-саттықтың ашылу күні туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында жарияланатын болады.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісімен немесе өзге де ақпаратпен танысуға болатын лауазымды тұлғалар туралы мәліметтер:

- Андеррайтерлер:

1) «ОРДА Капитал» Басқарушы компаниясы» АҚ, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, пошта индексі 160011, Шымкент қ., әл-Фараби ауданы, М. Х. Дулати көшесі, 2/5 ғимарат.

Брокерлік және дилерлік департаментінің Директоры: Жанысбаев Алмас; Тел.: +7 7252 775321

2) «BCC Invest» АҚ - «Банк Центр-Кредит» АҚ еншілес ұйымы,

мекенжайы: Қазақстан Республикасы, пошта индексі 050000, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98.

Корпоративтік қаржы Департаментінің Директоры Ринат Алиев (ұялы байланыс нөмірі: +7 707 199 0915)

- Эмитент: «Сейф-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, пошта индексі 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 276В үй.

Басқарма Төрағасы: Ким Геннадий Викторович;

Тел.: +7 7273 90 01 37

Бөлімше: Қаржы Департаменті атынан Соловьев Станислав - қаржы Департаментінің Директоры (ұялы байланыс нөмірі: +7 778 787 4803).

Лауазымды тұлға: Вахидов Айдин Алчинович – «Сейф-Ломбард» ЖШС Басқарма төрағасының қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары (ұялы байланыс нөмірі +7 701 808 9982)».

17.«Сейф-Ломбард» ЖШС, БСН 090440011332, «Алтын бастау» Кредиттік серіктестігі» ЖШС қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды, БСН 131240013939. Шағымдар мен кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050060, Алматы қ., Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 276в үй».

32.Алматы қаласы МАЭС-ның 2021 жылғы 30 қыркүйектегі ұйғарымымен несиегер Цой Валерий Яковлевичтің өтініші бойынша «CaspiOilGas» (КаспиОйлГаз) ЖШС-не, БСН 980240003465, қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, «Шығыс-2» ықшамауданы, №85/1.

БАНКРОТТЫҚ

2.Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 11.09.2021ж. ұйғарымымен Астанинский бетонный комбинат «Мақсат» ЖШС-не (БСН 050240000203) қатысты банкроттық туралы ісі бойынша өндіріс қозғалды.

Нұр-Сұлтан қаласы сотының ұжымы Нұр-Сұлтан қаласы сотының судьясы

Асқар Абайханұлы Сүлейменовтің

мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты, туған-туыстарына орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық Кеңесі Нұр-Сұлтан қаласы сотының судьясы

Сүлейменов Асқар Абайханұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына көңіл айтады.

Алматы қалалық сотының басшылығы, Соттар Әкімшісі мен Судьялар Одағының Алматы қалалық филиалы Нұр-Сұлтан қаласы сотының судьясы

Сүлейменов Асқар Абайханұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жақындары мен туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БАЙҚАУҒА!

МАКС, СЕНІМЕН МӘҢГІ БІРГЕМІН...

...Киселевтің қаныпезерлігі, зұлымдығы мен аяусыздығында шек болсашы! Қаншық қасқырдың өз бөлтіріктерін қорқаулыққа үйретіп, жем табуға ауыздандырғаны сияқты, өзінің жемтіктестеріне қылмыс әлемінің қыр-сырын, «зектер» арасындағы озбырлық заңын түсіндіріп, үйретуден жалыққан емес. Ізінен ергендерге СИЗО-дағы (тергеу изоляторы), түрме мен зоналардағы «ұрылар заңын» бүге-шігесіне шейін саналарына құйып жүргеніне біраз уақыт болған. Құдды «қылмыс әлемінің бесаспап ұстазы» секілді.

Міне, бүгінде өзінің алғаш рет сотталып, түрме ботқасының дәмін татуынан бастап, түрме мен зоналарда басынан кешкені мен көргенін «кісі қызығатын романдай» етіп әңгімелеп отыр. Баулып жүрген бөлтіріктері өздерінің қатал «инструкторының» хикаясын аузынан сілекейі аға, аса бір қызығушылық танытып, ынта қоя тыңдап отыр...

...Жер жәннаты – Жетісудың ғана емес, қазақ елінің астанасы деп әспеттелетін әсем Алматы қаласындағы «әсем» СИЗО – тергеу изоляторы...

Мұнда өзінше бір өмір, өзінше бір тіршілік. Күніне екі рет, «шиқ» етіп ыңырси ашылғанда жүйкеге тиетін темір тор мен есіктерін салдыр-гүлдір еткізіп, «қыдыртуға» шығарғаннан басқа «қызығы» жоқ өмірлерін бір сәтке болса да жеңілдетіп, сергіп қалу үшін зерігіп отырған зектердің ойлап таппайтын ойыны мен жасамайтын қызығы жоқ...

Жаңа тұрғын табалдырықтан аттай салысымен, камераның үлкені:

– Қай бап? Қандай мерзім? – деген сұрақ қояды.

– Пәлен бап, түгенше жыл – деп, жаңа келушінің жауабы естілген соң:

– Пәлі, сол да сөз бе екен? Парашада отырып-ақ жазаңды өтеп шығуға болады! Қайта ертерек отырғызғаны өте дұрыс болған екен. Неғұрлым ерте отырғызса – сол құрлы ерте босап шығасың, – деген «жұбату» сөздер айтылады.

...Бір күні камераға Өскемен жақтан бір жас жігіт келіп түсті. Өзінің негізі жасық па, әлде таяқ көп жегендіктен зәрезап болып, әбден қорқып қалған ба, жалтақтап, ешкімнің бетіне тура қарай алмайды. Жыпылықтаған жанарын төмен салып, бұқпантайлай беретін бұл бейшараның аты, затына кереғар – Берік деген жігіт екен.

Әлігіндегідей үйреншікті сұрақ – жауап айтылды. Естеріңде болсын: СИЗО-ға айыптау қорытындысы шыққанша бұрынғы және жаңа түскендер бірге қамала береді. Осымен «төртінші ходкадағы», алда болар соттың үкімін күтіп отырған аласа бойлы, төртбақ келген, бір көзінің шақырайған қылылығы түсін одан бетер суық көрсетіп тұратын «косой» кличкалы қазақ жігіті:

– Келгенің жақсы болды. Талайдан бері «свежий» қан ішпей, кенезем кеуіп жүр еді, – деп, өзі жатқан нардан атып тұрды. – Леха, тезірек қанын ішуіме дайында мына кешаны, шыдай алар емеспін! – деген «косойдың» зілді сөзінен кейін әлгі байғұста тіпті жан қалмады.

– Ой, мен қорқам. Бұрын қан беріп көрген емеспін...– деп жыламсыраған Беріктің үніне кім құлақ ассын:

– Қане, үніңді шығарушы болма! Әйтпесе, «косойдан» кейін мен де ішем қаныңды...– деді Леха.

Бұл менің ең алғашқы ходкамда болған оқиға ғой, бұрын мұндайды көрмеген мен «шынымен қанын іше ме?» деп, қорыққанынан дірілдеп кеткен ана байғұсқа іштей аяушылық білдіріп, жаным ашып тұр. Леха Берікті төменгі қабаттағы нарға жатқызды да, екі қолын нардың екі жағына бұлқына қалса шешілместей етіп мықтап байлап тастады.

– «Малый», өткір кездікті әкел!

Аласа бойлы, «қылмыскер» деуге қимайтындай он сегіз, он тоғыз жас шамасындағы жылпос қара бала көзі таңылған Беріктің оң жақ қолының тұсына, бетон еденге қаңылтыр тәрелкені «тарс» еткізіп қойды. Қолына қалайы қасықты алған ол соның сабымен білектегі күре тамырдың үстінен қатты батыра, кескенге ұқсатып сызып жіберді.

Камера тұрғындарының бәрі жымжырт үнсіз қалып, айналада өлі тыныштық орнаған. Сол арада оң аяғын сылтып басатын, соған орай «хромой» кличкалы Алик деген орыс жігіті темір шәйнекке дайындап қойған суын жаңағы едендегі тәрелкеге сыздықтата құя бастады. Алик шәйнекті жоғарырақ көтеріп құйған сайын тып-тыныш камерадағы сырылдаған судың дауысы қатая түседі. Қатты қорыққаннан дір-дір етіп жатқан Берік байғұстың нардағы басы екі жаққа кезек қалтақтап:

– Болды, болды! Қаным азайып, басым айналып барады! – деп, ышқына, еңкілдей жылап жатқан сөзіне «косойдың» ызғарланып:

– Бұл қанға мен қанбай қаламын. Тағы жарты литр ағызамыз, – деуі мұң екен, «қан беруші» есінен танып қалды. Мойны ұстай алмаған басы сол жақ иығына қарай сылқ ете түсіп, жатқан жерінде бұтына сиіп жіберді.

– Жарайды, «қан алу» қызығынан мына сорлы шынымен өліп кетіп, пәлесіне қалармыз, тезірек бетіне су бүрік! – деген «косойдың» сөзінен кейін, «Малый» көздегі шүберекті сыпырып, бетіне «суф» деп аузы толы суды бүркіп жіберді.

– Мен тірімін бе...? Есін жиған Берік өлеусіреген дауыспен сыбырлап, аларып кеткен көздерін сығырайта ашқанда, қан тұрмақ қанның ізі де жоқ. Камерада отырғандардың сахнада хор айтқандай «ду» етіп, құлақ жарғандай қатты шыққан күлкісінен, камераның кір басқан қабырғалары діріл қағып, қақырап кеткендей болды...

Бұл Берік байқұстың елдің бетіне тура қарай алмай жасқаншақтауының сыры сәл кейінірек белгілі болды. Ол алдын ала тергеу кезінде аудандағы КПЗ-ға қамалғанда «стукач», яғни отырғандардың әр ісі мен айтылған құпия сөздерін менттерге астыртын жеткізіп жүрген жансыз болған екен. Оның бұл қылығы көп кешікпей әшкереленіп қалады. Мұндай опасыздық пен сатқындықты зектер кешіре қойсын ба, сонда отырғанда түннің бір мезгілінде жаңағы сорлының аузына шүберек тығып оны зорлап «теке» жасап жіберіпті.

«Текелермен» сөйлесіп, достаспақ түгіл, қол алысып амандасу, оның қолынан тамақ, кез келген зат немесе басқадай бір нәрсе алу – «за подло» саналады. СИЗО-да олар ел жатқан жерден едәуір алыс арақашықтық ұстап, параша жақта ұйықтайды.

Міне, «мысыққа ойын, тышқанға өлім керек» дегендей, осы сияқты оқиғалар камерада жиі болып тұрады. Бір айта кетерлік нәрсе, қорықпайтын, өзін-өзі қорғай алатын, намысын таптатпайтын батыл жігіттерге ондай «спектакль» жасалмайды.

...Бірде, камераға Талдықорған қаласынан басы қазандай үлкен, көздерінен от шашып тұрған, кісі бетіне тайсалмай тік қарайтын жас жігіт келіп түсті. Әдеттегі үйреншікті сұрақтар қойылып, ол жөнімен жауабын беріп жатыр. Пәшпүрттегі шын есімі қалай екенін кім білсін, өзі атын Макс деп таныстырды. Жас кезінде өзі сияқты достарымен біреудің қойын ұрлап сойып, бір жарым жылға шартты мерзімге сотталған екен. Шартты мерзімі бітпестен тағы да шырғалаңға ұрынып, кәмелетке толғаннан кейінгі мынау оның СИЗО-ға бірінші «ходкасы». Қолындағы прокурордың айыптау қорытындысы бойынша достарымен тағы да ұрлық жасағаны үшін осы тар қапасқа келіп отыр.

Бұрын сотталған кәнігі зектер қызықтап, тамашасын көру үшін жаңа түскендерді төбелестіріп қоятын да тәртіп бар. Ол кезде менің де мұндағы бірінші «ходкам», Макстен төрт-бес күн бұрын ғана осы камераға түскен болатынмын. Камераның старшойы маған ертеңгісін ауладағы жиырма минуттық прогулкадан кейін:

– Қане, Киселев, мына дәу бас новичокпен төбелес. Көрейік екеуіңнің неге қабілеттерің бар екенін, – деп, бұйрық берді де, Макске бұрылды. – Қане, мына «рыжыймен» жекпе-жекке шық.

– Мен айтақтайтын ит емеспін. Өзі тиіспеген жазықсыз адаммен төбелесетін әдетім жоқ.

– Мынаны қара! Үлкендерге бағынбайтын мына батыр қайдан шықты? – деп, «молодойдың» қарсыласқанына намыстанып қалған старшой оны иек астынан жуан жұдырығымен бір перді. Ұрады деп тіпті де ойламай, қамсыз тұрған Макс шалқалақтап барып сұлап түсті.

– Ойй, тосыннан таяқтауға әбден төселген сияқтысың. Ал енді кім-кімді жеңетінін көрейік. Жатқан жерінен асықпай, жайлап тұрған жігіт құлаған кезде басынан түсіп қалған қалпағын жерден іліп алды да, старшойдың бетін тура дәлдей лақтырып жіберді. Жасқанғаннан көздерін жұмып қалып, қайта аша бергені сол еді, қарсыласы оны өкпе тұсынан сол қолымен осып жіберді. «Ыңқ» ете түсіп, ауа жетпей тынысы тарыла бүгіліп қалған старшойдың екі көзінің дәл ортасынан Макс қақырата ұрды. Мұндай соққыны зектер арасында «смертельный удар между глаз» деп атайды. Ондай соққы қатты және діттеген жерден ауытқымай дәл тисе, удар алған адам өліп кетуі әбден мүмкін. Старшойдың бетон полға басымен сарт етіп құлап түскендегі дыбысын дәлізде жүрген «дубак» естіп қалды ма екен, камера жаққа тапырлап келе жатқан аяқ дыбысы шықты.

– Атас, дубак катит! – Іште отырғандардың камера глазогынан сыртқа сығалап «атаста» тұрған біреуінің сыбырлай айтқан дауысы естілді. – Прячьте его скорее!

Екі-үш адам апыр-топыр жерде ес-түссіз сұлқ түсіп жатқан старшойды аяқ-қолынан ұстап, бос төсекке лақтырып жатқызып тастады да, бетін одеялмен жаба салды. Темір есікке жақындап глазоктан сығалап қараған «дубак» (надзирательді солай атайды):

– Әй қалдарың қалай? Не дыбыс шықты? Бәрі дұрыс па? – деп, камераны көзбен тінткілеп, жағалата шолып шықты.

– Басеке, бәрі дұрыс. Еш алаңдамаңыз! – деген дауысты естіген ол тағалап қойған ат құсап, етігін тақылдата басып өз жөніне кетті.

Старшойдың бетіне камераластар суық су бүркіп, жүрегіне массаж жасау арқылы, әйтеуір, әрең дегенде «тірілтіп» алды. Сөйтіп, жаңағы себеппен жаңадан келген «новичектар» – Макс пен менің жекпе-жегіміз өтпей, камерадағы баландастарымыз тамашасыз қалды.

Ертеңінде түскі баландадан кейін біздің уақытша тұрып жатқан «квартирамызға» шырайлы Шымкент жақтың бір дәу «новичогы» түсті. Бойы соншалықты ұзын емес, бірақ кейін белгілі болғандай, жасы он сегізге жақында ғана толған, жастығына қарамастан, шымыр, денесі палуандарға тән сәл еңкіш келген, бұлшық еттері ойнап тұрған сұлу мүсінді жігіт. Кличкасы да өзінің денесіне сай – «амбал» екен.

Кешегі өтпей қалған «жекпе-жек» тамаша спектакль бүгін бәрібір өтетін болды. Ойынды ұйымдастырушы – камераның старшойы кеше өзі «новичоктан» оңдырмай алған «смертельный удар между глаздан» жүрегі шайлығып, беті қайтып қалса керек, Максты шақырған жоқ:

– «Жекпе-жекке Шымкенттің жас жолбарысы Джон мен Жетісудың жеткіншегі Киселев шығады. «Атаста» тұру жауапкершілігі «малыйға» жүктеледі» деп, кәдімгі рингтегі реферилерше хабарлады. Осы кезде күтпеген оқыс жағдай болды. Камерадағы алаңның ортасына үстіндегі көкшіл спорт костюмін шешіп тастап, толқынша ойнап тұрған бұлшық еттерін бұлтылдатып дәубас Макс шыға келді.

– Киселев бүгін таңертеңгі қол күресінде оң қолының буынын зақымдап алғанын барлығыңыз көрдіңіздер. Сол себепті, ол жекпе-жекке шыға алмайды, – деп, камераластарының әуенін байқағысы келгендей жан-жағына бір қарап алды да:

– Ол – менің жерлесім. Бауыр десеңіздер де болады. Мен осы бауырым үшін төбелесемін, – деп, әппақ қардай майкасын шешіп, өз төсегінің үстіне тастай салды. Енді көздері шырадай жанып, жұдырық болып жұмылған қос қолын кеуде тұсына ұстап, бокс стойкасымен тұра қалды.

– Дұрыс, дұрыс! Кисельдің орнына Макс шықсын!

– Дәубас жөн айтып тұр. Шықсын! – деген дауыстар камераның әр жерінен естілді. Қарсыластар бір-біріне жақындап, ата жауын көргендей қоразданып, түйіле қарап тұр.

Шырайлы Шымкенттің жігіті де көшенің групповой ұрыстарының, жекпе-жек шайқастарының талайын көрген әккі қу болса керек, жауынгерлік стойкамен сақтана басып, қарсыласына жақынырақ келді. Енді бір сәтте, көз ілеспес жылдамдықпен секіріп барып оң аяғымен Макстың кеңірдек тұсынан тепті. Оң жаққа қарай бұлт етіп, бұғыңқырай еңкейіп үлгерген жетісулық жігітке соққы тиген жағдайда оны оңдырмай, жазым етуі айдан анық еді. Салмақты да, қатты бәтіңке иек тұсынан зу етіп өте шықты. Сол мезетте шалт қимылдап, өзінің үйреншікті тәсілі бойынша сол қолының тастай болып түйілген жұдырығымен қарсыласын өкпе тұстан оңдырмай осып жіберді. «Ыңқ» еткен дауыс естіліп, аш күзенше бүгіліп қалған қарсыласын іле-шала ес жидырмай соғудың орнына, Макс екі алақанын жоғары қарата қимылдатып өзіне деген аса бір сенімділікпен: «Тұр, саған бір мүмкіндік берейін. Қимылдап қал!» деп тістене сыбыр етті. Сол арада шымкенттік «амбал» екі иінінен ентіге дем ала, бүгілген белін жазды да, қайта шабуылға ұмтылды.

Осы кезде шухерде тұрып бір көзі ұрыста болса, екінші көзімен дәліздегі дубактың қимылын аңдып тұрған «малыйдың»: «Атас, дубак!» деп сыбыр ете түскен дауысы естілді. «Гладиаторлар» да, ұрысты тамашалаушылар да жалма-жан стол үстінде бей-берекет шашылып жатқан доминоларды қолдарына ала қойып, кір-қожалақ, бетіне шимай толған арқалықсыз орындықтарға түк болмағандай, тойған қозыдай моп-момақан кейіпте отыра-отыра қалысты. Есікке таяп келіп глазокқа үңіле қараған дубак: «Е, отырсыңдар ма рахаттанып?» дегендей, менсінбеген кекесін күлкімен езу тартып, келесі камераларды бақылау үшін әрі қарай аяңдай жөнелді.

Дубак кетісімен шухердегі «малыйдың» ымдап, «кетті» деген белгі берілісімен жекпе-жекшілер ортаға шығып «боевой стойкаларына» қайтадан тұра қалды. Бұл жолғы шабуылды да «шырайлы Шымкент» бастады. Бокстағы қозғалыс тәсілімен қарсыласына ырши жақындап, солақай қолымен бетті көздеген алдамшы қимыл жасап, іле-шала оң қолымен Макстың сол жақ жағынан «крюк» әдісімен соқты. Бұл жолы Макс бокстағы еңкейе бұғу әдісімен емес, сол қолын соққы жасалған жағына төсей қойып, соққыдан блок қою әдісімен қорғанды. Сол ұмар-жұмар болған кездегі арақашықтық жақындасқан сәтте Макс қарсыласының мойнынан қос қолымен ұстай алып төмен қарай тұқыртты да, көз ілеспес шапшаңдықпен шымкенттік шатақ жігіттің бетінен қазандай басымен қақырата соқты. Соққы тиген сәтінде аузынан қою қара қан бұрқ ете қалған қарсыласы еденге сұлап түсті. Артынша алдыңғы екі бірдей тісін қанмен бірге түкіріп тастады...

Мен сәл кейінірек Максқа: «шындығын айтсам, сол жекпе-жекке менің орныма сен шықпағанда, жалғыз қолыммен айқасып, жеңіліп қалған болар едім. Ал: «қолым ауырады» деп, ұрыстан қашқақтауға тағы болмайды. Олай етер болсам, қазір мен «вор в законе» емес, маған «қорқақ» деген қара таңба өшпестей басылып қалар еді. Рақмет, досым, сен мені үлкен абыройсыздықтан сақтап қалдың. Бұл жақсылығыңды өмірі ұмытпаспын» деп, Максты кең құшағыма алып қатты қысып, алғысты қарша боратқан болатынмын.

Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №152 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31